

ҰЛАҒАТ

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Республикалық ғылыми-психологиялық және
педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет
1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.*

ҚАРАША

6

НОЯБРЬ

ЖЕЛТОҚСАН

2012

ДЕКАБРЬ

*Республиканское научно-психологическое и
педагогическое издание товарищества с
ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен
әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один
раз в два месяца с июля 1994 года.*

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДІМАНОВ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.*

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ғылым ғаламында

Бейбіт ЖӘЛЕЛҰЛЫ.	Ақпараттық-қатынастық технологияның ЖОО-дағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда қолданылуы.....	3
Рақымжан ТҰРЫСБЕК.	Жазушы еңбегі және қолтаңба құбылысы.....	9

Басшылыққа алар тірегіңіз

Алмагүл БАЙЖАНҚЫЗЫ.	«Іскерлік шеберханасы» атты таңдау курсының күнтізбелік жоспары.....	25
---------------------	---	----

Мінез-құлық мінбесі

Гүлден АЙҚЫНБАЕВА, Құралай СТАМҚҰЛОВА, Нүрсұлу БЕЛЕСОВА.	Дарындылық мәселесінің әдіснамалық негіздері.....	31
--	--	----

Білім ордасы: таным және тәрбие

Гүлжамига ІЛИЯСОВА.	Байыпты бағдарлама.....	38
Алтынгүл ЕРМЕКБАЕВА.	Әлем таныған Әуезов.....	42

Педагог пайымы

Несіпбай БОЛҒАНБАЕВ.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудың тиімді тәсілдері.....	45
Мендібай ӘБЛҰЛЫ.	Панфиловшы Бердалы Басқаров.....	50

Интеграциялық сабақ

Гүлхан ӘКІМАНҚЫЗЫ. Майпруза ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ, Лидия БРАГИНЕЦ.	Абай мен Пушкин лирикасы.....	55
	Гобелен шеберлері.....	62

Рухани дүниемізде

Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ.	Имандылық - инабаттылық.....	72
----------------------	------------------------------	----

Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе

Жұмакүл ЕЛШБАЕВА.	Айтыстардағы ауыспалы мағыналы сөздер.....	76
Құралай УАХИТҚЫЗЫ, Бақытгүл ТАБЫЛДЫҚЫЗЫ, Нүргүл ЕЛЕМЕСОВА.	«Бір ел - бір кітап» акциясы.....	79
	Шешендік сөздер - құнды мұра, асыл қазына.....	88

Сыныптан тыс тәлім

Айша ӘЛДІБЕКОВА.	Тілдарын.....	97
А.ТҰРБЕКОВА.	Құтты болсын Жаңа жыл!.....	105
Эльмира АРТЫҚОВА.	Салт дәстүрім - салтанатым.....	115

Ашық сабақ ауылында

Сәуле ОРАЛБЕКҚЫЗЫ.	Ахат Шәкәрімұлының әдеби мұрасының жариялануы, зерттелуі.....	121
--------------------	--	-----

Тәуелсіздікке - 21 жыл

Айгүл БЕКҚҰЛИЕВА.	Тәуелсіздік төрінде.....	131
Алима КУБЕНОВА.	Тәуелсіздік - тұғырым.....	134

Бейбіт ЖӘЛЕЛҰЛЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті,
ф.ғ.к., Әдебиеттану және тіл білімі
ғылыми-зерттеу институтының қызметкері.

АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖОО-ДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

XXI ғасыр – ақпараттану ғасыры, жаңа типті өркениеттің қалыптасу кезеңі. Студенттер бұл әлемге жақсы дайындықпен келіп, компьютерленген тұрмыс-тіршіліктің шынайы келбеті мен мәнісін және электронды құрылғылардың өз өмірінің барлық кезеңіндегі қажеттілігін ұғынуы тиіс. Сондықтан да қазіргі білім беруде көркем әдебиетке жақын, шығармашыл жастардың өзін-өзі іске қосуын неғұрлым нәтижелі ету – өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

ЖОО-да филологиялық білім беру әрекетінің мақсаттары:

- азаматтық парызын айқын түсінетін, жан-жақты білім алған, өзіндік әлеуетін іске асыра алатын тұлға қалыптастыруға жағдай жасау;
- мәдени-рухани бірегейлікке қабілетті тұлғаны жетілдіру үшін көркем-эстетикалық орта түзу.

Осы мақсаттарға сәйкес мынадай мәселелер туындайды:

- өмірге көптеген электронды құрал-жабдықтарды әкеліп, жоғары ақпараттық мәдениетті талап ететін ғылыми техникалық үдеріске гуманитарлық-эстетикалық (соның ішінде филологиялық) бағдарды қалай үйлестіруге болады?

- бүгін «оқытушы-студент-оқулық» дәстүрлі негізіне жаңа буын компьютер, электронды құрал-жабдықтар енді, ал ЖОО санасына «компьютерлік оқыту» ұғымы берік ұялады. ЮНЕСКО анықтамасы бойынша, оқытудың компьютерлік технологиялары – компьютерді басты техникалық құрал ретінде қарастыратын оқыту жүйесі болып отыр.

Қазіргі білім берудің басты сипаттамалары:

- ашықтық;
- ықпалдастық;
- кірігушілік (интеграцияға бейімделу);
- жекелеу, даралау.

Бұлар кең көлемде жүргізілетін ақпараттануға негізделеді.

Бұдан ұстаз-филологтардың кәсіби әрекетінде мынадай міндеттерді орындау жоспарланады:

- компьютер бағдарламаларын оқытудың түрлі кезеңдерінде (түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, бақылауда, т.б.) пайдалану;
- компьютердің оқытушыға қатысты түрлі қызметтерін (оқытушының жұмыс құралы, оқыту нысаны, әріптес ұжым, ойын ортасы, т.б.) қарастыру;
- компьютер бағдарламалары мен ғаламтор желісін сабақта және оқушылардың өздігімен дайындалуында пайдалану тәжірибесін талдау;
- оқытушының, студенттің (оқушының) АҚТ бойынша жұмысының нәтижесі мен тиімділігін

анықтау.

Шығармашыл жеке тұлға немесе топ компьютер сыныптарында мультимедиа жобаларын жасай алады. Мұндай жұмысты педагогтар алдын ала ойластырып, бейімдеп, оқу-тәрбие жоспарына кіргізеді.

Мұнда дайын бағдарламаны қамтамасыз етуді, Ғаламторлық технологияларды қолдануға, «Tester» типті бағдарламаларды да алуға болады. Осындай жұмыс нәтижесінде медиақор қалыптасып, толығады.

Қазірде көптеген білім ошақтарында Power Point бойынша қазақ тілінен лексикология, фразеология, синтаксис, морфология, стилистика, т.б., қазақ әдебиетінен «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Алтын Орда дәуірінің әдебиеті», «XIX ғасыр әдебиеті», «Абай шығармашылығы», «М.Әуезов шығармашылығы» және т.б. бойынша материал жинақталған.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын ақпараттық жаңа технологиялар бойынша жүргізгенде пән ерекшелігі міндетті түрде ескеріледі, яғни, руханият мәселелеріне, шығармашыл, соның ішінде тілдік тұлғаны жетілдіру бірінші кезекте тұрады. Әрине, бұл – көркем мәтінмен, көркем сөзбен жұмыс істей алу екені түсінікті. Сондықтан филолог-педагогтымына сұрақтарға жауап іздестіреді:

- компьютер оқытушыны, оқулықты қаншалықты алмастыра алады?

- оны (компьютерді) сабақтың қай сатысында (түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, бақылауда, т.б.) қолданған тиімдірек?

- ол қандай дидактикалық қызмет атқара алады?

Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында компьютерлік бағдарламалар мен жобаларды

талдау, компьютерлік көрсетілімдерді пайымдау жиірек қолданыста болып жүр. Мұндай жұмыстар оқытушыға әрбір сабақтың сапалы жалғамасын дайындауға мол мүмкіндік береді.

Компьютер арқылы оқытудың мынадай артықшылықтары бар:

- материалдың қолжетімді болуы мен қызықты баяндалуын (көп жағдайда ойын түрінде) қамтамасыз етеді;

- көркем шығармаларды ұжымдық талдауға мүмкіндік береді;

- оқулық материалы қайталанбайды;

- диалектикалық негізі, кесте, зерттеу материалдары болады;

- анықтама материалының, сөздік мақалаларының, филолог ғалымдар туралы деректердің тез арада табылуы қамтамасыз етіледі;

- өз бетімен орындалатын жұмысқа қажет материалдар мол болады;

- меңгерілген материалды өз бетімен тексергенде өзіне баға қоюдың амал-тәсілдерінің болуымен ерекшеленеді;

- зерделенетін материалдың студенттердің жұмыс карталарында міндетті белгіленуі (шолу тақырыптары) көрсетіледі;

- материалдың өзге пәндермен ықпалдастықта кіріктіріліп баяндалуы жүзеге асырылады.

- шектес ғылымдар (әлемдік көркем әдебиет, тарих, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, бейнелеу өнері, музыка, т.б.) материалдарын пайдалануға мол мүмкіндік болады.

Компьютер еліміздің тұрмыс-тіршілігіне енгеннен бастап қазақ тілі мен әдебиеті пәнін нәтижелі оқытуға мүмкіндік беретін жоба-көрсетілімдер (проект-презентация) кең қолданысқа ие болды. Сабақтың мұндай әдіс-тәсілін, яғни, жоба-көрсетілімін студенттер (оқушылар) өздері де орындай алатындай деңгейге жеттік.

Пән оқытушысының әр сабағына студенттердің осындай ізденістерімен қатысуы оларды мазмұнды зерттеу жұмысына жұмылдыру қажеттілігін анықтады, білімгердің іс-әрекетін ғылыми тұрғыдан бағалауды өзектендірді. Нәтижесінде студенттердің жоба-көрсетілім дайындауы мынадай ұстанымдарды қалыптастырды:

- таңдалған тақырып бойынша көркем шығарманы (соның ішінде ғаламтордан да) зерделеу;
- өзіндік сыни пікір қалыптастырып, оны баяндау;
- белгілі талаптарға сай (ғылымилық, өзіндік шығармашылық ой-пікір айту, көркем-эстетикалық талғамын, әсерін білдіру, пайдаланылған сайттарға гиперсілтемелер жасау, т.б.) көрсетілім түрлерін орындау;
- аталған жоба портфолиосын әзірлеу;
- жобаны қорғау;
- өз ізденісінің мәселелері бойынша факультеті-шілік, университетішілік форум өткізу немесе өзге ғылыми орталықтардағы ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік түрлі жиындарға (семинар, конференция, т.б.) қатысу.

Осындай бірізділікпен өткізілген жұмыстар АҚТ арқылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың тиімділігін дәлелдейді, себебі:

- студенттердің пәнге деген қызығушылығы артады;

- олардың үлгерімі мен білім сапасы жақсарады;

- сабақ жүргізу барысындағы берілген білім мен ақпаратты, тапсырмаларды сұрауға, бағалауға жұмсалатын уақыт үнемделеді;

- студенттер берілген тапсырмаларды сабақ үстінде ғана емес, кез келген уақытта өз бетімен үй жағдайында да орындай алады.

Қорытындылай келе айтарымыз: АҚТ-ны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдаланудың ресурстары шексіз. АҚТ-ның түрлі деңгейдегі, түрлі мазмұндағы, түрлі стильдегі (ғылыми, көркем, публицистикалық, т.б.) кез келген мәтіндерді талдауда, тіл дамыту сабақтарында, емтихан-сынақтарға дайындалғанда және т.б. жағдайларда қолданудың мүмкіндіктері әлі толық зерттелмеген. Соңғы уақытта түрлі деңгейлік білім ошақтарында компьютерлік, мультимедиалық, интерактивті тақталары бар бөлмелердің (кабинеттердің) жабдықталып-жасақталуына байланысты ғаламтор арқылы қашықтан оқытудың немесе білімгерлердің өз бетімен ізденіп, білім алуларының да рөлі арта түсуде. Бұл орайда қазақ тіліндегі ғаламтор сайттарын көбейту, арнайы бағыттағы сайттар қорын түрлі материалдармен толықтыру және оларға тиесілі материалдар енгізіп, одан әрі байыта түсуге қазақ тілді әрбір азаматтың атсалысуы қазіргі уақыттың маңызды мәселелерінің бірі болып отыр.

ЖАЗУШЫ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ҚОЛТАҢБА ҚҰБЫЛЫСЫ

(Қаламгер Д.Досжан туындылары туралы)

Жалғасы. Басы өткен нөмірде.

Асылмұраттың «Жауһар әңгімелер жинағын» мемлекеттік тапсырыспен шығару жолындағы әрекет-қимылдары мың сан қиырға бастады. Баспа бөлімінің бастығы қолжазбаның қыр-сырын емес, баспахана жайын, зейнеткер естелігін, кәсіпкер дастанын айтып, сөз төркінін басқа арнаға бұрды. Бас маман — Тұрардың кемшілік-кедергісі жазушыны қабылдау, өзара әңгіме үстінде-ақ таңылған-ды. «Маңызды кісі» мен «елеусіз адамды» қабылдау сәттері де ерекше-тін. Қолжазба тағдырына да атүсті қарады. Өзара әңгімені де созбалаңға салып, сиырқұйымшақтатып-ақ жіберді. Бас маманның таным-түсінігі төмендегіше түзіліс құрады: «-Мен үшін тасқа басылғанның бәрі — кітап. Кітап жазғанның баршасы — жазушы. Осы күні пәленше зейнеткер естелік жазыпты, түгенше әкім жолжазба басқызыпты, мұнайшы мұнай тарихын баяндапты... Тарихшы ата-бабасының шежіресін тарқатыпты...» (Таңдамалы шығармалар, 3-том, 257-бет).

Ал, «Сонар» баспасының директоры, «көзі жылтыраған қара торы» Айнагүлдің былығы мен қылығы бір басынан асып түседі. Қызметтік этикасын

ейледік қызығушылығы басып, «ағатай» деген сөзімен-ақ қолжазба тағдырын, жазушы еңбегін қас-қағым сәтте шешіп-ақ береді. Қаржы-қаражат көзі шығады-ау деген мекеме, компания, фирмаға қызметтік хатты да өз мойнына алады. «Атыңыздан өзім жүремін, ағатай. Шаршатпаймын дегенді де жасырмай жайып салады. Әп-сәтте «... балшекер қосқан шай алғызды, үстел үстіне жент, ірімшік, сықпа құрт, бауырсақ толып кетті». Оның үстіне: «...Атыңызды алдыма айбар етіп ұстаймын, баспаға қомақты қаржы құямын дейді. Тірі сөздің киесі мен қасиетін дәт-қуат қыламын дейді. «Айнагүл» деген есімімді классиктің аузынан естимін деп ойлаппын ба, сірә, дейді. Шілдеде шіреп піскен жемістей сабағымнан үзіле жаздаппын. Қолжазбаны алып қаламын, бір түнде оқып шығамын, келесі кеште станокке қоямын, ағатай!» дегенді де сенімді түрде жеткізеді (3-том, 261-бет).

Осы сәт бұрылып қараған-ды: «Бойжеткеннің кең ашылған көз шарасы айдын көлге ұқсады. Осынау көлде не жоқ дейсіз: жастық оты...ләззат ойыны... әдемі әзіл...қылықты наз...қоңыр мұң...сезім көлі... сол сезім кемерінен асып, көл шырайын шайқап-шайқап жібергені. Кең ашылған жанарды мөлдіреген жас кемерледі. Мақұл сөзі еріксіз аузынан шығып кетті...

Көзі жылтыраған бойжеткеннің жұмсақ ерні шок басқандай – күйдірді, жанарын жұмды, көзін ашса-ақ арбап алатындай сезінді (3-том, 262-бет).

Бұл баспа директорының - «бір күні». Былыққа батқан, қылығын көрсеткен, «сезім күшінің» қуатты серпіні танылған сәулелі сәттерінің бірі еді. Жазушы еңбегі мен қолжазба құқының таразыға түскен мезеті де осы болатын-ды.

Ақиқатында: «Осы оқиғадан кейін дүние өзгерді».

Асылмұраттың жазуы өнбеді. «Ойы божырап, сөзі кожырап» кетті. «Сөз киесі кеудесінен ұшып кеткенін сезінді».

Әңгімеде, сөз жоқ, жазушы еңбегі, қолжазбадан – кітапқа дейінгі ізденіс мұраттары, тақырыпты меңгеру жолдары, көркемдік амал-тәсілдері, ой-сөз жүйесі алуан көрініс, қилы бояу-бедерлер кең орын алады. Алайда, Асылмұраттың қолжазбаға көзқарасы мен оның кітап үлгісінде қалың көпшілікке жету жолындағы ақ-адал көңілі баспа орындары мен ондағы басшылық арасындағы көзқарас, қарым-қатынастардың «күрделі жолдарынан» ақыл-парасат, таным деңгейлерінің «алуандылығынан» кедергі-қайшылықтарға тап болады. Асылмұрат кітап шығарудың «бұралаң - қалтарыстарымен» бірге жекелеген адамдардың (баспа қызметкерлерінің) таным-түсініктері мен қарым-қатынастарына да қайран қалады. Олардың өмірі мен еңбегі, көзқарас-мұраттары қаржы-қаражатқа, табыспайдаға құрылғандықтан, халыққа қызмет, рухани байлыққа қызығушылық, ұрпаққа ұлағат мәселесі тым төмен деңгейде көрініс табады. Автор баспа төңірегіндегі тоғышар жандардың ұлт руханиятына атүсті, селқос қарайтындарын әр алуан көрініс, түрлі шегіністер арқылы көрсетіп, тіпті, сынап-мінеу негізінде адал еңбекті, өмір-өнегелерін, оның кітабы арқылы да қалың көпке жететінін нанымды баяндайды.

Автор үкімет үйіндегі бас маман (Тұрар) мен баспа директорын (Айнагүл) әрекет-қимылдарына сай дәл, нақты көрсетеді. Бірі – «маңғаз», келесісі – «жылтың» әрекеттерімен-ақ қоғамға кереғар, ұлт пен ұрпаққа зиянды екендіктерін аңғару қиын емес. Жең ұшынан жалғасқан сыбайластар екені де танылып тұрады. Қоғам дамуын тежеп, ортақ байлықты талан-

тарапқа салып, ел игілігіне кері әсер-ықпал ететіндер қатарында болғанын да жасыру қиын. Қысқасы, «Сөз киесі» әңгімесі – тарих пен таным, адам мен тағдыр жайын кеңінен қозғап, осының негізінде Асылмұрат сынды қаламгердің – өмірі мен еңбегін, көзқарасы мен қолжазбасын, кітап шығарудың шырғалаң жолдарын алуан көрініс, қилы кедергі-қайшылықтарымен сабақтастықта сөз етеді. Жазушы еңбегі мен сөз киесінің ортақ тұстарын, терең сырларын кең көлемде ашады. Бастысы, әрине, адам өмірі мен еңбегі, жан-жүрегі мен сыр-сезімдері шынайы шындықтарымен, табиғи бедер-белгілерімен есте қалады. Демек, «Сөз киесі» - адам әлемі, оның өмір мұраты мен еңбегі, қоғамға көзқарасы мен қатынасы, келелі келешегінің анық-қанық бедері, жарқын жолы. Жазушы еңбегі мен шығармашылық ісінде қолжазба мен кітап орны, баспа мен баспагер байланысы алабөтен екенін ескерсек, автор осы бір нәзікте күрделі құбылысқа барынша батыл енеді. Қаһарман характерін, таным-талғамын қаз-қалпында көрсетеді. Әрекет-қимылдарын, ой-сөз жүйелерін жұмыс үстінде жан-жақты айқындайды.

Жазушы еңбегінің шырқау шыңы, шынайы сыры.

Зады, «Сөз киесі» - талант тағылымының терең иірімдерінен сыр қозғайды. Өмірді өнермен өрнектеп, қара сөз бояуға көшеді. Жан сырынан көңіл сәулесі қаз-қалпында көрініс береді. Жазушы еңбегіне, көзқарасы мен қолтаңбасына ден қойсақ: «Шығарма қалай жазылады? Әуелі өзім көркем туындының атын іздеймін. Сәтімен табыла қалса – тілге тиек, кітапқа өзек болар сөзді тауып, соны көз алдыма елестетуге тырысамын... Өзімнің көз алдыма әрдайым әуелі сөздің сұлбасы, сосын пішім, сосын салмағы кәдуілгідей елестейді. Сөз сөйлемді құрайды, ойды туғызады. Сол

сөйлемнен дүниеге келісімді ырғақ пен оралым келеді. Құйылып жеткен ойдың ырғағынан парак беті толады. Паракқа парак қосылады. Осындайда таң қалатын бір нәрсе: қазақ тілінің суреті мен көркі ғаламат, ешбір тілге бергісіз, бояуының молдығы» назар аудартары анық (Досжан Д. Өз жайымды өзім айтам.- «Қазақ әдебиеті», 1991,1 шілде).

Қаламгердің тіл өрнегі, қолданыс аясы хақында Ә.Кекілбаевтың: «... жазушының суретшілігі басым, сөздің ішіне түсіп жазатын қазбагер жазушы» деуінен де терең таным, кең толғам, айырықша сыр бар (Д.Досжан. Көркемсөз шебері. Библиографиялық көрсеткіш. Астана, 2012, 6-бет).

«Сөз киесі» - талант табиғатының тамырлы таңбасы, қалам күшінің қуатты қайнары, шабыт шалқарының айдынды әлемі.

«Сөз киесінің» қасиеті мен құдіреті, сыры мен сипаты – осы.

Қоғамдағы өнер адамының орын-үлесі, өмірі мен еңбегінің лайықты бағаланбауы, талант тағдыры мен тұрмыс тауқыметінің көлеңкелі тұстары – «Суретші» әңгімесінің басты арқауын, негізгі желісін құрайды.

Суретші Жасбай жеке көрмесінің – Астанада, Президент мәдениет орталығында өтетіндігін естісімен-ақ, шеберханадағы жұмысы жанданып, жаңа қарқын алып, бұрынғыдан бетер қыза түсті. «Көк түріктер» атты баталды кереметіне қайраты мен талантын сарқа пайдаланды десе де болады. Майлы бояуды да барынша қолданып, өнердің тылсым құдіреті мен терең иірім, шынайы сырларына осы жолы көзі әбден-ақ жетті. Алайда, «Көк түріктері» көшірме, табиғилық қырлары тапшы» дегенді көлденең тартқан арыз-жазбалар да алдан көлденеңдей берді. Суретшілер

одағының төрағасы ол жайды бүге-шегесіне дейін жайып салды. Жасбай да өз кезегінде «Көк түріктер» — көшірме емес, түпнұсқа!» дегенді дәлелдеп-ақ бақты. Астанаға баратыны, жеке көрмесі өтетіндігі де сәл кейінірек анықталғанымен, іссапарға қатысты қаржы-қаражат тағы қолбайлау болды. Суретшілер одағы арқадан қағып, «кұрғақ сөзбен» шығарып салды. Көрмені ашқан Мәдениет комитетінің орынбасары да дағдарыс толқынын тілге тиек етті. «Қол қысқа» дегенді емеурінмен жеткізді. Көрме мұратына, қайсыбір туындылар табиғатына тоқталмады. Өнер күдіреті мен қасиетін, өзіндік өзгешеліктерін де ашпады. Өнерді өгейсітіп, авторына селқос қарады.

Алайда, көрме қалың көптің қызығушылығын туғызды. Әсіресе, «Көк түріктер» ел тарихын, тағдыр-талайы мен тағылымын, танымал тұлғалардың өмірі мен қызметін жан-жақты ашуымен, арғы-бергі кезеңдерді кең көлемде қамтуымен, анық-қанық бояуымен, көркемдік өрнектерімен көз тартты. Асылы, сөз жоқ: «Сурет-суретшінің бояуын, қолтаңбасын сіңіріп қоймайды. Кенепке өнерпаздың жүрек лүпілі, көз майы, сезім сыры, түйсік тебіренісі... түгел жұтылыпты. Сиқырлы аура сезіледі. Көп қадалып қараған кісінің басы айналып, көзі қарауытады. Көп суреттен өнерпаздың жазмыш жазуы...ыстық лепесі... көз сиқыры атойлап көзге ұрады. Түсінген кісі — қай-қай майлы кескіндемеден (живопись) айырықша сиқыр табады. Арбалады. Табуға тұсалады» (3-том, 269-бет).

Бұл — өнер мен өнерпаздың өзіндік өзгешелігі. Өмір мұраты мен өнердегі аураның сан қырлы, сырлы-сиқырлы сипаты.

Бұл — өнер табиғаты мен тағылымы, нығметі мен қасиеті, қадірлі һәм кәделі сыр-сипаттары екені анық.

Өнер мұраты мен өнерпаз жолының мың қырлы, сан арналы ерекшеліктерінің бірі – осы.

Жасбайдың пәтер жалдап, онда Айманкеш есімді келіншекпен кездесуі, өмір-тағдырын естіп білуі, оның суретін салуы, т.с.с. табиғи өріс алады. Тиісті тұста Айманкеш өзі, өнері мен тағдыры төңірегінде сыр толғайды. Дизайнер – суретші болғанын, жұбайының сәулетші екендігін, өнерде де әділетсіздік орын алғанын байыпты баяндайды (272-бет).

Ал, Жасбай болса, өмірге өнердің көзімен қарайды. «Дүниені өзіндік бояу, белгісімен көреді». Өмір жолы, мінезі де осы тұрғыдан қалыптасқан-ды. Көзқарас мұраты, ой жүйесінен де осы бағыт танылады: «Көп кісілер уағында өз бақытын сезіне бермейді. Денсаулығы мықты спортшылар тепсе темір үзетіндей болып жүріп, күндердің күні, ауырып төсек тартып жатып қалғанда барып саушылықтың қадірін біледі. Ақшаны қаптап жаратып жүрген байлар бір күні банкротқа ұшырап, қара нанға қарап қалғанда, барлықтың барақатын түсінеді. Сұлулар да солай. Жас кезінде «бетім барда бетіме кім шыдар» деп, кімі паңдау келеді, кімі тантық». Бетіне әжім, самайға қырау түскенде барып әлгі арулар мөлдіреген, жан төзбеген аршын төс тәкаппарлығы есіне түсіп, бармағын тістелеп, еңірейтіні анық. Не нәрсенің барақатын, бақытын дер мезгілінде ұғынатын дарынды суретшілер ғана» (3-том, 273-бет).

Өнер өрісі, суретші сыры – осы.

Жалпы, «Суретші» әңгімесінде Жасбайдың адами әлемі, өнердегі орын-үлесі, тұрмыс-тіршілік тауқыметтері жеке көрме, бір іссапар төңірегінде-ақ жан-жақты танылады. Өмір-уақыт шындықтары, талант пен тағдыр тайталасы, өнердің мәңгілік сипаттары да өзіндік өзгешеліктерімен есте қалады. Автор Жасбай

суретшінің өмірі мен өнердегі өрнектерін қатар көрсету негізінде уақыт шындықтарын, тұрмыс-тіршілік иірімдерін нанымды ашады. Бір көрменің баянынан өнер өрімі де, суретші сыры да ашылады. Демек, «Суретші» әңгімесі – өмір мен өнер адамының қыр-сырын ашып, әлеуметтік астарын, көркемдік қырларын кең көлемде көрсетеді. Жасбай суретшінің өмірі мен өнері, көрме өткізу ісіндегі ізденіс мұраттары, жанкештілігі мен жауапкершілігі – көзқарасы мен қолтаңбасынан, табанды әрекеттерінен айқын аңғарылады. Жасбайдың еңбекке құштарлығы, өнерге сүйіспеншілігі шеберханадағы жанкешті әрекеттерінен, көрме өткізу ісіндегі көзқарас эволюциясынан да жіті көрінеді. Автор Жасбай және оның ортасын, отбасы мен өнер өрісіндегі әр қилы құбылыс - көріністерді, кедергі-кемшіліктерді қаз-қалпында көрсету негізінде өмір-уақыт шындықтарын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, көзқарастар жүйесін сенімді суреттейді.

«Суретші» әңгімесі – Жасбай сынды өнер адамының жанкешті һәм жауапкершілігі зор істегі көзқарасы мен қолтаңбасын кеңінен көрсететін көркем туынды.

Сурет өнері, суретші өмірі – «Адамға қанша жер керек?» атты әңгіменің негізгі өзегін құрайды. Суретші Қосайдың балалық, жастық кезеңі алыс ауылмен, қоршаған ортамен, табиғатпен байланыстырылады. Автор: «Сурет балалықтан басталады», - деп Қосайдың жаны құлазыған, өмір-тұрмыстан қажып, қалжыраған тұстарын жастық кезеңімен сабақтастықта сөз етеді. Дала дидары, таулы қыраттар, өзен-көлдер, сағымға оранған айнала әлем, ауыл үйдің түтіні, бәрі-баршасы Қосай жанына жақын, көңілін әр кез-ақ баурап алады. Алайда, Астанадағы үш бөлмелі пәтерінде «... қылқаламыңды құлаштай сілтеп, ойға алған көркем

дүниелерді келістіріп сала алмайсың. Тынысың тарылып қалады» (3-том, 296-297-беттер).

Осыдан кейін-ақ, Қосай шығармашылық шеберханаға қатысты жер алу мәселесімен айналысты. Жер ресурстары агенттігіне барды. Төраға жерге мораторий жарияланғанын жеткізді. Дүниелік дағдарысты, кадастрлік зерттеулер жүйесін алға тартты. Жолай әкімдіктің жер басқармасын басқаратын — Төлеуғазы кезіккен еді. Ол да өз кезегінде дүниеауи үрдістерді еске алды. Өмір-тұрмыстан да сыр тартты. Барлықтың жайын, пейілдің тарлығын, кіріптарлық туралы да ой қозғады. Өнерге жақындығын, бірқатар сурет коллекциясы барын да еске алды. Жеке тұрғын үй шығармашылық шеберханамен бірге деген қаулының қажеттілігін, оның өзі әкімдіктен өтсе, ырыс-несібе асып-таситынын алға тартты. Өзара әңгімеден ортақ мақсат, мүдде де танылып тұрды.

Қосай ойына кеңестік кезеңдегі шығармашылық иесіне жасалатын қамқорлық түсті. Худфонд арқылы іссапарға, шетелге шығатынын еске алды. Социализм мен капитализм де өзара салыстырылды. Қайтадан өнерге ден қойды. Жан азабын бастан кешті. Аяқталған суретті жер қатынастары басқармасына алып барды. Төлеуғазыға тарту етті. «Өзің секілді азаматтың бояудағы бейнесі» дегенді де айтып қалды. «Сурет жинайтын коллекционерсің!» деп те ойын анық-қанық жеткізді.

Көп ұзамай шығармашылық шеберханаға жеті сотық жер бөлінгені жөнінде хат та жетті. Осы хаттардың қай-қайсысы да Қосай өмірін, өнерге құштарлық, сүйіспеншілігін танытқаны анық. Ақиқатында, автор суретші Қосайдың өмір-тұрмысына еркін еніп, балалық, жастық кезеңін қоса көрсетіп, соның бәрінде де адам

мұратына ден қояды. Өмір-тұрмыстағы орын үлесі, еңбекке көзқарасы да негізгі назарда тұрады. Осы реттен алғанда, автор суретші Жасбай мен Қосай бейнелерін (қараңыз: «Суретші», «Адамға қанша жер керек?») өмір-тұрмыстағы орнымен қатар көрсетіп, осы арқылы өнерге сүйіспеншіліктерін, мақсат-мұратқа адалдықтарын, сол жолдағы кедергі-кемшіліктерді жеңу ісінде жанкешті еңбектерін, табандылықтарын сенімді суреттейді. Өнер мұраты, шығармашылық арналар, шеберханадағы азапты-жанкешті еңбек, көзқарас жүйелері жазушы ізденісін, әр алуан көркемдік амал-тәсілдерін терең танытады. Бұл орайда, сөз жоқ автор ұстанымы, өнер мұраты мен тақырыбына қатысты іргелі ізденістері, көзқарасы мен қолтаңбалары өзіндік өзгешеліктерімен назар аудартады. Әсіресе, өнер адамының жаратылысы мен жанкешті еңбегі, өмір мұратын, дүние дидарын қиял көкжиегімен кезіп, оны көңіл көрігінде қыздырып-шыңдап, жан-жүрек таразысынан өткізуі – көркемдік құпиясы мен шығармашылық мүмкіндіктер, шынайы шеберлік арналары арқылы жүйелі жеткізіледі. Бастысы, әрине, сырлы әлем – сөз өнерінің мол мүмкіндіктері, өнер нығметінің құдірет-қасиеті, суретші мұраты мен мұрасы өмірдің өзіндей қарапайым да көркем, нанымды әсер етеді. Шығармашылық иесінің жаратылысы мен қабілет-қарымы, өмір мен еңбекке көзқарасы, қоғам мен адам табиғаты туралы толғам-толғаныстары, ең негізгісі – өнер мұраты мен оның мәңгілік сипаты төңірегіндегі жан азабы мен ерен еңбектері, іргелі ізденістері мен көзқарас эволюциясы кең көлемде көрініс береді. Жазушы еңбегі, көзқарас пен қолтаңбаның айшықты-нашықты, шын шеберлік тұрғысынан көрінген сәті де – осы тұс еді.

Жазушы еңбегіндегі өнер тақырыбы – «Виртуоз» және «Сәулетші» әңгімелері арқылы жаңа бағыт, соны сипат алады. Алғашқы әңгімеде Қожамжар қарттың жалғыз ұлы – Нұркен Әшіровтың өнер нығметін қоңыр домбыра арқылы еселеп арттыруы, қалың көпшілік: -Виртуоз!, - деп қабылдауы («Біртуар») көркем баяндалады. Автор әке мен баланың ауыл-елдегі өмір-тұрмыстарын көрсетіп, мерекелік концерттегі өнер құдіреті мен Нұркеннің өзіндік ерекшелігін, орындаушылық шеберлігін жан-жақты ашады. Ал, «Сәулетші» әңгімесіндегі Самат пен Сәулеттің жастығы мен ғашықтық ғаламаттары, сәулетшілік өнердің өзіндік ерекшеліктері, аға буын өкілдерінің жастарға сенімсіздік білдіріп, еңбектерін бағаламауы, дұрысы – пайдалануы, т.с.с. сенімді суреттеледі. Негізінен, автор өнер тақырыбын адам әлемімен, қоғам-ортасымен сабақтастықта сөз етіп, өмірге, еңбекке қатынас пен көзқарасты, адалдық пен тоғышарлықты, қарапайымдылық пен әділетсіздікті өзара салыстыра береді. Өмірдің бұралаң жолын өнер адамы басындағы әр алуан хал, кедергі-кемшіліктермен қатар көрсетеді. Өмір шындығын, уақыт тынысын – өнер төңірегіндегі ізденіс пен көзқарас, еңбекке қатысты көрсетіп, адам мұратын кең көлемде ашады. Атап өтер жайт, автор өнер адамының өмірі мен еңбегін, көзқарасы мен қолтаңбасын, қоғамдық құбылыс пен кезеңдік көріністер тұсындағы кедергі-кемшіліктерге қарамастан, қаз-қалпында көрсетеді. Талант табиғаты мен тағылымы кең орын алады.

Бұдан басқа – «Дон Кихот», «Өмір арбасы», «Кешірім», «Жанып-сөну», «Жаңғақ», «Шырақшы» сынды әңгімелер тақырыптық ізденісімен, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерімен назар аудартады. Болған

оқиғаның ізі, өмірлік жайттар көркемдік шындық пен шешім тұрғысынан табиғи өріс алады. Адам өмірі мен арман-аңсарлары, еңбек мұраттары шынайы бояу бедері, суретті көрініс, нақыштар негізінде дамып отырады. Айталық, «Дон Кихотта» - адамгершілік пен ар үлгісі, еңбек пен бейнет ісі алға шығады. «Өмір арбасы» отбасылық өмірдің қиын да қатпарлы, сан қилы көріністерін келісті келісім, көркем өрнектермен баяндайды. «Кешірім» - М.Әуезовтің «талайлы тағдырын, «Алаш ісі» мен «Ашық хат» сырын, уақыт таңбасы мен тынысын терең танытады. «Жанып-сөну» - өмір талқысы мен отбасы салмағын қатар сезінген – Нұрәлінің мұнды-шерлі халін, өзін-өзі алдаған һәм жоғалтқан сәттерін сенімді суреттейді. «Жаңғақ» М.Әуезовтің отбасылық өмірі мен шешен шалы Ахметтің өзара байланысын, ғұмырбаяндық-шығармашылық сыр-сипаттарды, жаңғақ ағашын күтіп-баптаудағы өзіндік өзгешеліктерді уақыт пен кеңістік, кезең - заман шындығы аясында кеңінен көрсетеді. «Шырақшы» – Дайрабай қарттың өмір-тұрмыстан көргенін, дүние дидары туралы таным-түйсігін, толғам-толғаныстарын, адам мен айуан ара-қатынасын, дін-діл төңірегіндегі көзқарас-өлшемдерін, уақыт таңбасының әсер-ықпалын қаз-қалпында көрсетеді. Демек, жазушы еңбегі мен қолтаңба құбылысынан – өмірді тану мен оның шынайы шындықтарының сыр-сипаттары, адам мұраттарының өрнекті-өлшемді тұстары, дүние дидары мен дәстүр өнегелері, тәлім-тәрбие иірімдері оқиғалық-танымдық желілер негізінде дамып, оның өн бойынан көзқарас эволюциясы, бояу бедері, мінез сыры, сөз суреті, ой өрісі арналы ағыс құрайды. Ой-сөз жүйесінен – көңілде қорытылған, жан-жүрек таразысында өмір шындықтары мен көркемдік шешімдер, әдеби-

эстетикалық құндылықтар жан-жақты танылып тұрады. Көркемдік көкжиегі жаңа әлем ашады. Сөз суреті соны сипат алады. Өткір ұшталған қалам-қиял қанатындағы, ой көрігіндегі бояу бедерін, суретті сөзді сол сәтте-ақ қағазға көшіреді. Нәтижесінде: «Нағыз суреткер адамға жазу да сүйексінді мінезге айналады» (Досжан Д. Өз жайымды өзім айтам. «Қазақ әдебиеті», 1997, 1 шілде).

Авторлық ұстанымға мән берсек, болмысты, өмір-тұрмысты көру қажет. Бояумен, бедермен беру үшін де сергек сана, суреткерлік керек. Бояуға бедер, сөзге сурет, ойға қиял дүниесін дарытады. Әр алуан адам, мінез иелерінің өмір-тұрмыс, дағды-кәсіп, еңбек көзқарастарын еркін ой ағынына, көркемдік келісімге құрады. Ана тілінің мол мүмкіндіктеріне еркін еніп, ұлт пен ұрпақ, дәстүр мен дін, тәлім-тәрбие иірімдеріне бойлайды. Ұлттық сөздің қадір-қасиетін, кәделі нығметін, сауапты тұстарын арға серік етеді. Сосын, сөз жоқ: ар ісін – бәрінен де биік қояды: «... әдебиет – адам мінезінің айнасы. Сол мінезден туындайтын шаркездік, шырғалаң көркем шығарманың өзегі болып жатады... Шығарма идеясыз жазылмайды. Бір нәрсеге табан тіреп, ой сабақтасаң, ол – логика болып шығады. Сол ойдың түп-төркінін іздесең, ол – психологиялық талдауға маңдай тірейді. Қысқасы, идеясыз, табан тірейтін мақсатсыз іс бітпейді» («Көркем шығарма сарапшысы – уақыт, сыншысы – оқырман қауым». – «Егемен Қазақстан», 2004, 30 қаңтар).

Сондай-ақ, жазушы еңбегіндегі таңдаулы әңгіме, хикаяттары табиғатынан (мысалы, «Кісі ақысы», «Қымыз», «Ақыл иесі», «Арыстанды-Қарабастың желі», «Адамға қанша қуаныш қажет?», «Ергежейлі», «Қыдырдың құбылысы», «Момындар», «Жігіттің бір жұрты», «Қыз әні», «Келіншек асуы», «Жылы

жауын», «Екі дүние есігі», «Шипалы су» әңгімелері; «Отырар», «Фараби», «Төрт патшаны көрген кейуана», «Пайғамбардың өлімі», «Жылы ағыс», «Жан тәтті», «Үрей» хикаяттары, «Ата кәсіп», «Ақыл сатамын», «Арман баланың бастан кешкен қызықты оқиғалары», «Қарықбол мен Ақбата», «Келіншектаудағы тас түйелер», «Келіншектаудың көгілдір бояулары», «Тегіне тарту» – балаларға арналған туындылары, т.с.с.) арғы-бергі кезең көріністері, ел-жер жайы, белгілі адамдар өмірі мен өнегесі, тарих пен таным арналары, білім-ғылым жүйесі, тәлім-тәрбие иірімдері, балалық-жастық дәурен, дүние дидары, уақыт пен кеңістік қатынасы, дәстүр тағылымы, өнердің өріс-өлкесі, т.с.с. өзекті тақырыптар кеңінен қозғалады. Іргелі ізденіс пен көркемдікке құрылады. Автор қайсыбір туындысында да өмір оқиғасы мен уақыт шындықтарына табан тіреп, осының негізінде адам әлеміне, еңбек мұраттарына еркін енеді. Жазушы еңбегінде адам сөз арқылы – ой құнарына, образ әлемі негізінде - сыр-сезімге қадам жасайды. Ақыл-парасат - басты өлшем етіледі. Ерен еңбек пен талант табиғаты, талайлы тағдыр мен тауқыметті өмір ағыны да ой-сөз жүйесімен, бедерлі бояу өрнектерімен байланысты беріледі. Есімі мен еңбегі арғы-бергі кезеңдерге жеткен, өмірін өнермен өрнектеген Жалаледдин Руми ұстанған бағытқа мықтап ден қояды: «... бірінші – жазғаныңа өтірік сөз қоспау; екінші – жазып отырғанда жүреkte кір, көлеңке болмау; үшінші – өзін-өзі жеңе білу» (Досжан Д. Шығармалары. 4-том. Астана. «Фолиант», 2008, 16-бет).

Жақсы кітап жазудың көпке ортақ бір қыры, мың сан арналы сырлы сипаттарының тағылымды тұсы – осы.

Тұжырып айтар болсақ, қаламгер Д.Досжанның шағын жанрдағы туындылары – өмірдің өзінен өрбіген

шындық сырларынан, адам мұраты мен еңбегін, дәстүр өнегелерін, тұрмыс-тіршіліктерін терең таным, іргелі ізденістермен байытқан, көзқарасы мен қолтаңбасынан ой мен сөз жүйесі бірлік құрып, көркемдік көкжиегі, эстетикалық көзқарастары кең өріс, сан алуандылығымен мәнді болып табылады. Оның үстіне: «... дүниені суретпен көреді, аллегория, шендестіруге жиі жүгінеді. Тіл құнары бай. Көбіне магиялық реализм әдісімен жазады. Кейіпкердің ішкі жан сарайын ашуда — ой ағынына, пәлсапалық түйін түюге, максималистік көзқарасқа басымдықпен қалам тербейді. Көркем шығармалары мен зерттеу еңбектерінің тақырып аясы кең. Тіл бояуы кемпірқосақтай. Символға, қиялға еркін тізгін береді» (Досжан Д. Көркемсөз шебері. Библиографиялық көрсеткіш. Астана, 2012, 6-бет).

Жазушы еңбегі мен қолтаңба құбылысының көпке ортақ қыр-сыры, шығармашылық шеберхана мен шеберлік тағылымының алуан арналы, мың сан иірімді сыр-сипаттары осындай.

Д.Досжан туындыларында тарихнамалық сипат, шежірелік белгі-ерекшеліктер, ұлттық-этнографиялық нышандар, кеше мен бүгін байланысы бұрын да сөз етілген. Қазір де айқын аңғарылады. Автор арғы-бергі тарихты, өмір-уақыт тынысын, тұғырлы тұлғалардың тағдыр-талайын тарата сөз еткен тұстарда елдік мұратты, халық өмірін, туған жер тағдырын, еңбек адамдарының тыныс-тірліктерін негізгі назарда ұстайды. Айталық, “Жусан мен гүлдер” (1966), “Тұлпардың ізімен” (1967), “Құм жұтқан кемелер” (1967) сынды алғашқы прозалық кітаптарында — Қызылқұм мен Сырдария өңірі, тарих пен тағдыр, туған жер әуендері, уақыт-кеңістік қатынастары, салт-дәстүр өнегелері, кейіпкерлердің жан әлемі, қимыл-әрекеттері

өзіндік белгі-ерекшеліктерімен есте қалады. Өмір-уақыт, диалектика заңдылықтары қоғамдық-кезеңдік сипатымен, қоршаған орта мен болмысқа сай көркем һәм пәлсафалық қырларымен әсерлі, бедерлі беріледі.

Басты байқалар жайт: Д.Досжан архив-тарих қойнауларын жіті зерделеп, өмір-тұрмыс сырларына еркін бойлап, адам әлеміне терең үңіліп, сол арқылы қоғам-кезең сипаттарын, көзқарас эволюциясын, уақыт ағымын байыпты бажайлайды. Тарих тағылымына, тұғырлы тұлғалар тағдырына, ғажайып ғұмыр иелеріне, кейіпкерлер әлеміне шығармашылық сипат беріп, оның қайсыбіріне де сергек, ойлы, мінезді қалып танытады. Мұның өзі: “Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты” (әл Фараби) екенін айқын аңғартады.

Ал, “Зауал”, “Дария”, “Табалдырығыңа табын” сынды трилогиялық туындылар табиғатына ел-жер тағдыры, Арал теңізінің аспанға ұшуы, Сырдария суының тартылуы, құм көшкіні, адам мен оның еңбегі, қилы кейіпкерлердің қым-қуыт өмір соқпақтары (Мақұлбек, Доскей, Батыр), ауыл қарттарының (Мүлкімен, Нағанай, Құлшығаш) өмір мұраты, т.т. жатқызған жөн. Кітап авторы ауыл адамын, оның адал еңбегін, өмір мұратын, ел-жерге көзқарасын, келешекке үміт-сенімін қоғамға, ортаға аса қажет маңызды мәселе ретінде қозғайды. Мұның бәрінен автордың азаматтық көзқарасы, ел-жерді, өмір-тұрмысты, жалпы айнала-әлемде болып жатқан өзгеріс-құбылыстарды терең танып-біліп мәнді, түйінді ойлар қозғайтындығы танылады. Тақырыпқа түрлі қырынан келіп, қоғамдық-әлеуметтік сипаттарын, әдеби-тарихи негізін, көркемдік-пәлсапалық арналарын әсерлі ашады. Жазушы еңбегі мен мұраттарынан ортақ сипат, сырлар танылады.

Алмагүл БАЙЖАНҚЫЗЫ,
Ақмола облысының
Степногорск қаласындағы
№1 «Бестөбе» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«ІСКЕРЛІК ШЕБЕРХАНАСЫ» АТТЫ ТАҢДАУ КУРСЫНЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

Білім беру жүйесі әлемдік білім беру аясына кіруге бағытталған. Осыған орай білім жүйесінің жаңа моделінің басты міндеті – оқыту үрдісін ұлттық құндылықтар мен әлемдік стандартқа негіздей отырып, оқушыларға көп деңгейлі білім беруді ұйымдастыру.

Таңдаулы курс мектептің жоғарғы сатысындағы бағдарлы оқытудың құрамына кіреді. Ол оқушылардың таңдауы бойынша оқытылады. Таңдаулы курс екі міндет атқарады:

- берілген бағдарлы стандарттық деңгейдегі негізгі бағдарлы пәнді игеруге қолдау жасайды, оқытудың бағдарішілік мамандануына және оқушының жеке білім негізін құрауына көмектеседі. Бағдарлы оқыту – оқушылардың біліктілігі мен икемділігіне және жеке-даралық қабілеттері мен таңдауларына қарай бөлінеді. Ендеше, әр бағыт олардың болашақ мамандығын болжауға апаратын баспалдақ болып саналады.

Жеке тұлғаның рухани мүмкіндіктерін ашып, адамгершілік, ізгілік, тілге деген сүйіспеншілікті

қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлері жүргізілуде. Әдеби білім мазмұны болашақ мамандық таңдау жолдарына қарай бағдарлап оқытылады. Оқушы шығармашылығын арттыру үшін жұмыс жүргізу керектігі негізге алынады. Қоғам қашан да болмасын осындай шығармашыл, дарынды, қабілетті адамдарға мұқтаж. Ғылым мен техника дамыған жаңа дәуірде мамандық атаулының барлығы адам баласынан қоғам талабына лайықты өзгеше қасиет пен қабілетті, білімділік пен ептілікті, шапшаңдық пен ерекше сауаттылықты, түрлі жағдайларда тез икемділік пен шығармашылық қабілетті қажет етеді.

Сондықтан да ұлттық байлықты білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіне деген сенімділігін арттыру – басты міндеттердің бірі. Мұғалім қызметі – оқушыларға бағыт-бағдар беру болса, оқушы қызметі – ізденуші, зерттеуші, сарапшы, жинақтаушы. Осы негізде 10 «А» сыныбындағы «Іскерлік шеберханасы» атты таңдаулы курс бойынша апталық сағат саны – 1 сағат, жалпы жылдық сағат саны – 34 сағат.

Бағыты – жаратылыстану-математикалық.

Бағдары – қазақ тілі мен қазақ әдебиеті.

Таңдау курсы – іскерлік шеберханасы.

Өзектілігі – заман талабына лайықты білімді де іскер жастарды тәрбиелеу.

Мақсаты – бүгінгі қоғам дамуының бағыт-бағдарын білу, өз Отанына қажетті мамандық иесі болу, жан-жақты дамыған іскер тұлға негізін қалау. Жеке тұлғаның рухани мүмкіндіктерін ашу.

Міндеті – оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтары туралы өткен сыныптардағы ұғымдары мен түсініктерін жинақтау әрі бекіту. Туған тілін құрметтеу-

ге және қадірлей білуге үйрету. Оқушыларды қосымша ақпарат негіздерімен жұмыс істеуге, жан-жақты терең білім алуға, іскерлік дағдыларына жұмылдыру. Оқытудың бағдарішілік мамандануына және оқушының жеке білім негізін құруына көмектесу.

Мазмұны – іс жүргізу, іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктері, іскерлік отырыс, іскерлік қатынас түрлері, сөз әдебі, тілдік норма тақырыптары құрастырылады.

Құралы – түрлі сызбалар мен кестелер, тест жұмыстары, анықтамалар, сөздіктер.

Өткізілу тәсілі – баяндау, сұхбат, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Мұғалім қызметінің түрі – түсіндіру, оқушыға жағдай жасау, оқушы қабілетін ашу, оқушы білімін тереңдету, шығармашылық қабілетін арттыру, оқушы қызығушылығын ояту.

Оқушы – жан-жақты білімді, өздігінен жұмыс жүргізе алатын, өз пікірін айта да, қорғай да алатын, өзгенің пікірін құрметтейтін тұлға. Іскерлік қарым-қатынас, жалпы іскерлік жайында білім алу.

р/с	Тақырып	Жалпы сағат саны	Теориялық сағат	Практикалық сағат
1	Кіріспе сабақ	1	1	
2	Негізгі бөлім. 1. Іскерлік қарым-қатынасқа байланысты сөздер: әдеби, ауызша, жазбаша сөйлеу тілі, диалог. Іскерлік қарым-қатынас ерекшелігі: диалог, монолог, полилог.	4 2	2 1	2 1

	<p>2. Ауызша және жазбаша қарым-қатынастың түрлері. Жарнама. Іскерлік қағаз.</p> <p>3. Іскерлік әңгіме: бастауы, хабарлау, дәлелі, пікір, шешім қабылдау. Телефон байланысы арқылы іскерлік әңгіме жүргізу.</p>	2	1	1
	<p>4. Іскерлік отырыс. Тақырып. Мақсат. Талқылауға негізделген сұрақтар. Отырыстың басталуы мен аяқталу кезеңі. Өткізілетін орны.</p> <p>5. Пресс-конференция. Құрылымы. Кіріспе бөлім. Амандасу. Түсініктеме. Жоспар. Сөйлеушілерді таныстыру.</p>	2	1	1
	<p>6. Іскерлік қарым-қатынастың жаңаша түрлері: Презентация. «Дөңгелек үстел». Акционерлер отырысы. Брифинг. Көрме.</p> <p>7. Іскерлік қатынастың түрлері:</p> <p>а) көпшілікке арналған сөз;</p> <p>ә) интервью;</p> <p>б) түсінік беру;</p> <p>Көпшілікке арналған, яғни, топ алдында сөйлеу сөзіне қойылатын мақсаттар мен міндеттер.</p>	1		1
		1		1
		1		1
		1		1

	8. Іскерлік қарым-қатынасқа ғана негізделген жанр ерекшеліктері: Сөзталас. Полемика. Ойталқы. Қорытынды сөз.	1		1
3.	1. Стилистика және сөйлеу мәдениеті.	1	1	
	2. Іскерлік сөз әдебі. Сөз әдебінің түрлері: Әскери іскерлік қарым-қатынас. Дипломатиялық-іскерлік қарым-қатынас. Діни негіздегі қарым-қатынас.	1	1	1
	3. Сөз әдебінің негізгі түрлері: Амандасу. Қоштасу. Сұраныс жасай білу. Ризашылық білдіру. Шақыру, т.б.	1		1
	4. Риторика – іскерлік қарым-қатынастың бір тармағы (метафора, ирония, градация).	1	1	
	5. Іскерліктегі лингвистика саласы. 6. Стыль түрлері. Іс-қағаздар, құжаттар стилі.	1	1	
	7. Іскерлік талаптар жайында түсінік. 8. Іскерлік хат және оның түрлері.	1 1	1 1	

4	1. Іскерлік қарым-қатынастағы тілдік нормалар.	1	1	
	2. Іскерлік тілдің лексикалық нормасы.	1	1	
	3. Іскерлік тілдің фразеологиялық нормасы.	1	1	
	4. Іскерлік тілдегі грамматика негіздері.	1	1	
	5. Іскерлік тілдегі синтаксис негіздері.			
	6. Іскерлік тілдегі фонетикалық өлшем.			
5	Қорытынды. «Дөңгелек үстел», «Қазақстан болашағы – менің болашағым». Пікір алмасу. «Кәсіби бағдарлы мектепте оқу не береді?» Реферат. Баяндама (белгілі тақырып бойынша).	1		1
	Қосымша блок. «Мамандық таңдау»	1		1

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Қараев. «Оқытудың педагогикалық технологиясы». А., «Атамұра», 2004.
2. Р.Құрманғалиева. «Қазақ тілін тереңдетіп оқыту». А., «Атамұра», 2000.
3. Т.Қордабаев. «Жалпы тіл білімі». А., «Мектеп», 1983.
4. Ә.Табылдиев. «Әдеп әліппесі». А., «Мектеп», 2004.
5. Қ.Жұбанов. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер». А., «Ғылым», 1999.

Гүлден АЙҚЫНБАЕВА,
Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ-дың доценті, п.ғ.к.
Құралай СТАМҚҰЛОВА,
Астана қалалық
№54 мектеп-лицейінің
психологі.
Нұрсұлу БЕЛЕСОВА,
Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ-дың 1-курс магистранты.

ДАРЫНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Дарындылық – адамның ой-өрісінің деңгейі мен өзіндік іс-әрекетінің ерекше өрістенуіне себепкер болатын адамның жан-жақты дамуының қайнар көзі, арнаулы қабілеттерінің шарықтап дамуының нәтижесі. Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін *дарындылық* дейді. Адамның дарындылығы оның жоғарғы жүйке қызметінің тума типіне (мида уақытша байланыстардың тез жасалып, берік орнығуы, жүйке үдерістерінің қозғалғыштығы динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалып, оңай өзгеруі, т.б.) байланысты болып келеді.

Дарындылық мәселесі әлемдік тарихта және отандық ғылымда ерте кезден бастап-ақ өзінің көкейкестілігімен ғалымдарды өзіне қаратқан. Әр кезеңде философтар мен ойшылдардың

талқылауында болған, олар – Сократ, Платон, Кант, Гегель, Локк, Дидро, Гельвецкий. Ал, аталмыш мәселенің педагогикалық негізін қарастырғандар – А.Дистервег, И.Г.Песталоцци, Я.А.Коменский, В.А.Сухомлинский, К.Д.Ушинскийлер. Сонымен бірге дарындылық мәселесінің психологиялық жағын келесідей ғалымдардың еңбектерінен көруге болады, олар Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов, Б.И.Теплов, К.К.Платонов, А.В.Петровский, В.А.Крутецкий, В.Д.Шадриков, А.Н.Савенков, т.б. Бұл аталмыш ғалымдардың еңбектеріне дарынды баланың жастық ерекшелігі және жалпы және арнайы қабілеттіліктің көрінуінің дифференциалдық өзгешеліктері негіз болған.

Дарындылықтың көрінуін адамның шығармашылық потенциалы ретінде теориялық тұрғыдан қарастырған А.М.Матюшкин және В.С.Юркевич болып табылады.

Дарындылықтың дамуы туралы динамикалық теория Ю.Д.Бабаевпен құрастырылған, ол Л.С.Выготскийдің ой-пікірі негізінде жасалған.

В.В.Панов болса адамның дамуының этно-психологиялық негізі ретінде дарындылықтың дамуы туралы эконпсихологиялық келіс ұсынылған.

Қазақстанда дарындылық мәселесі төңірегінде Н.А.Дарханов, Г.Ж.Ақылбаева, А.М.Бултычева, Н.Н.Волошина, С.А.Филько, О.Копыленко, Л.Руденко, Л.М.Нарикбаева, Г.К.Байжикенова, Д.В.Ярцев, Д.Г.Ганелин, А.Г.Қазмағамбетова, О.Л.Медведковалар өздерінің ой-пікірлерін жан-жақты қарастырған әрі дарынды баланың дамуы мен

табиғи ерекшеліктері мәселелеріне орасан зор ден қойған.

Сонымен бірге дарындылық мәселесіне батыс педагогтары мен психологтары да зор қызығушылық тудыруда, атап айтар болсақ, олар: Ф.Гальтон (Англия), Л.Термен, Р.Мейли, Л.Пенроуз, Р.Кеттел, П.Торренс, Э.Торндайк, Танненбаум, Дж.Рензуллин (АҚШ), Г.Мюллер, Г.Мюнстерберг, В.Штерн, (Германия), Дьюи (Франция), Ф.Монкс (Голландия), т.б.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектері мазмұнды негізде дарындылық ұғымын түсінудегі көрсеткіштердің ауқымды болуына септігін тигізді. Әрі дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі ерекшеліктердің маңызын аша түсті.

Дарындылық – қабілеттердің жоғары деңгейі. Дарындылық – ағыл-тегіл ақылдылық. Дарын- зеректілігімен, қабілеттілігімен дамып отыратын үздіксіз үрдіс. Дарындылық - адамның белгілі бір істі орындауға бейімділігі мен ыңғайлылығын білдіретін дарындылық қасиет, психологиялық ерекшелік.

Дарынды балаларды зерттеудегі ерекше орын алатын Н.С.Лейтестің еңбегін атап өтпеске болмайды. Бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті зерттеген Н.С.Лейтес қабілеттілікке «іс-әрекеттің белгілі бір түрінде жетістіктерге жеткізетін психологиялық қасиет»- деген анықтама береді. Ақыл-ой қабілетінің алғы шарты «белсенділік және өзін-өзі реттеу» деген қорытынды жасайды.

Балалар дарындылығының дамуының психологиялық ерекшелігін зерттеу мәселесіне негіз берген ғалымдардың бірі, олар: А.В.Брушлинский,

Я.А.Понамарев, Н.С.Лейтес, В.А.Крутецкий,
В.Д.Небылицин, Е.Е.Кравцова, О.М.Дьяченко,
В.Т.Кудрявцев, А.А.Нурагунова және т.б.

Сонымен бірге бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық қабілетінің дамуы туралы психологиялық ой-пікірлерді кең өрісте талқылап жүйелеген Н.Н.Подьяков, Д.Н.Узнадзе, А.В.Запорожец, А.Н. Матюшкиндер болып табылады.

Әрі дарынды балалардың моделін жасауда батыс ғалымдарының еңбектерін де атап өтуге болады, олар: Дж.Гильфорд, Дж.Рензулли, П.Торренс. Ал дарындылардың физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуде биология ғылымдарының докторы, профессор В.П.Эфроимсонды айтуға болады.

Дарынды балалардың ерекше психологиялық белгілері 4 топ негізінде қарастырылады:

1. Дарынды балалардың өзгеше ойлауы;
2. Дарынды балалардың ішкі сезімі жағынан өзгешеліктері;
3. Дарынды балалардың физикалық және одан тыс сезімдер тұрғысынан өзгешеліктері;
4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктері.

Жоғарыда аталған өзгешеліктердің белгілері бойынша төмендегідей ерекшеленеді:

1. Көп көлемді білімді меңгеру және оларды ұмытпауы, бұл:
 - жоғары деңгейдегі түсіну қабілеті;
 - әдеттен тыс түрлі тақырыптарға қызығушылық таныту, көп сауал қою;
 - дауыс ырғағы, сөздік қоры және сөйлеу шеберлігіндегі артықшылық;

- шапшаң ойлау, тез нәтижеге жету, ілгерілеу;
- кең және өзгеше ойлау;
- аумақты талдау қабілеті;
- түсініксіз, әдеттен тыс және өзгеше байланыстарды айқындау қабілеті;
- өзіндік пікірлер және шешімдер шығару.
 - жалпылама қорытынды жасау, нәтижелерді аңғару, абстрактілі ойлау және баламаларды табу мәселесінде ерте және тез даму;
 - айналысатын бір іс іздеу, бос тұра алмау;
 - сөз таластырудан ләззат алу;
 - өзіне көңіл бөлуді қалау, мақтағаннан масаттану, көп сөйлеу;
 - пысықтық.

2. Ішкі сезімі жағынан өзгешеліктері:

- айналасындағыларға өте сезімталдықпен қарау, айтылатын ойды тез ұғу;
- өзінің ерекше екендігін өзі сезінумен бірге басқаларды да сендіруге тырысу;
- жасынан байқалатын идеализм;
- терең сезімталдылық;
- толыққандылық;
- кейбір пәндер бойынша өте ерекше үздік үлгерім таныту;
- беймәлім құпия тақырыптарға үлкен қызығушылық таныту;
- басқалардың не айтатынына көп көңіл бөлмеу;
- ықылас қойған бір тақырыпты негізгі мәселе ретінде қойып, жан-жақты қарастыру.

3. Физикалық және одан тыс сезімдер тұрғысынан өзгешеліктері:

- сезім мүшелерінің қабылдауының ерекше болуы (түс, дыбыс);
- физикалық және интеллектуалдық дамуда ерекше бір ілгерілеу шапшаңдығы;
- көркем өнер салаларының біріне ерекше қабілетті болу;
- философиялық іс-қимыл, басқаша ойлау;
- көркем және әдеби сөздерді қолдану;
- бастаушылық және тартысты талап ететін тақырыптарда тапқырлық таныту;
- жан дүниесінің тереңдігі;
- талап және ішкі күш-жігердің жоғары деңгейде болуы;
- жиі-жиі ойға берілу, яғни, күшінің басымдылығы.

4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктері:

- өз талап-тілектерін орындау, адамгершілік мәселесінде ерте даму;
- әлеуметтік мәселелерде тиімді және нақты шешімдер ұсыну;
- басшылық топ құру, әріптестерді топтау және ұйымдастыру;
- әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіне білу, қоғамдық әділет, әсемдік, турашылдық сияқты жоғары талаптармен шұғылдану;
- жоғары моралдық қасиеттерге ие болу;
- жоғары деңгейдегі әділдік сезімі;
- өз-өзіне сенімділік, батылдық;
- өзінен үлкендермен достықты қолдау.

Жоғарыда көрсетілген топтардағы ерекшеліктердің барлығын дарынды оқушының бойынан байқауымыз мүмкін.

Дарындылық бір адамның бойындағы бірнеше қабілеттің жиынтығын құрайды. Дарындылықтың санасы – зейінділік. Дарындылық – сананың белгілі бір нысанаға бағытталып, сол нәрсеге шоғырлануы. Дарындылық – қуат пен серпін беретін сиқырлы күш.

Дарындылық – даналығымен даралану, ойлылығымен ерекшелену. Дарындылар – материалдық, рухани жағынан бай адамдар. Мектептердің ұлы мақсаты – оқушылардың бүгінгі ақпараттар ағынын сауатты игере алатын, сол игерген білімнің қай жерде нақты көмекке келетінін пайымдай алатынын, қандай әлеуметтік топпен де қарым-қатынас жасай алатын, өз бетінше оқу, іздену арқылы кез келген мәселенің шешімін таба алатын ұлт азаматтарын, дарынды да қабілетті адамдарды даярлау мен қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ю.З.Гильбух. Внимание: одаренные дети. М., 1991, 89-93-с.
2. Ә.Дүйсебек. Дарынды тұлғалар тәрбиелейік. Қазақстан мектебі. 2004, №1, 35-37-б.
3. А.Құсайынов. Торренс әдістемесіндегі тапсырмаларды қолдану арқылы балаларда шығармашылық қабілетті анықтау және дамыту жолдары. Мектептегі психология. 2012, 28-30-б.
4. Н.С.Лейтес. Психология одаренности детей и подростков. М., 1996.
5. М.Мүрсәлімова. Дарынды балалармен жұмыс. Қазақстан мектебі. 2004, №6, 34-36-б.

Гүлжамиға ІЛИЯСОВА,
Қызылорда облысының
Арал қаласындағы
Абай атындағы орталық
кітапхана директоры.

БАЙЫШТЫ БАҒДАРЛАМА

Елімізде үлкен қолдауға ие Елбасының әлеуметтік жаңғырту мәселелеріне арналған «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай – 20 қадам» бағдарламалық мақаласын оқып таныстық. Онда Еліміздің тәуелсіздік жылдарында қол жеткен экономикалық өсімінің және әл-ауқатының жемістерін тиімді пайдалануға бағытталған 20 нақты тапсырма беріліп отыр. Бүгінгі таңда адамдардың еңбек етуіне, жұмыс табуына жағдай жасау заман талабына айналды. Тапсырмаларды орындау 5 бағыт бойынша жүзеге асады: біріншісі – әлеуметтік заңды шығаруды жаңғырту; екіншісі – еңбек қатынастарын жаңғырту; үшіншісі – әр адамның тұрмысын жақсарту, төртіншісі – бұл жөнінде ақпараттық-мәдени шаралар жасау; бесіншісі – мемлекеттік басқарудың қолайлы жүйесін тауып орнықтыру.

Мемлекет басшысының төртінші бағыты – мәдениет және ақпарат саласы үшін өте маңызды құжат. Онда мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын жаңғырту, «Ақпараттық Қазақстан – 2030» мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу, отандық әлеуметтік-мәдени өнімдерді жаңғыртудың бесжылдық салалық жоспары,

Журналистік этика кодексін жасау, Қазақстанның ұлттық электронды кітапханасының қорын кеңейту және басқалары.

– «Біз коммунистік идеологиядан кеттік» деп идеология мәселесін тәрк еттік.

Ол дұрыс емес. Идеологиясыз ешбір мемлекет жоқ! Біз болсақ немқұрайлы қарап келе жатырмыз. Бір жүйе жоқ. Идеология тек қана бір-екі адамның, бір әкімшіліктің шаруасы емес. Оған өз ісінде барлығы көңіл бөлуі керек. Өйткені бұл бағытта «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығару қажет деді Елбасы бағдарламалық құжатта. Осы бағытта ақпарат беттеріне мәдениет министрлігінің алқа мәжілісінің материалдары жарияланды. Олай болса бүгінгі бас қосуға келіп отырған мәдениет саласы қызметкерлерінің алдында ауқымды да жауапты міндеттер тұр. Олай дейтініміз бізге берілген тапсырмада Мәдениет саласындағы жұмыс жаңа сипатқа ие болуы тиіс. Өйткені мәдениет қазіргі замандағы адамды қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін әлеуметтік жаңғыртудың елеулі жиынтығы болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай – 20 қадам» атты бағдарламасын оқырмандар арасында насихаттау барысында барлық кітапханаларда **«Ел игіліне бағытталған игі істер», «Жастар мүддесі – ортақ мүдде», «Денсаулық – адам өмірінің басты құндылығы», «Бағдарымыз – айқын, болашағымыз – жарқын», «Дербес дамудың дара даңғылы», «Жастарға қамқорлық – кемел келешек кепілі», «Дені сау ұрпақ – қоғам дамуының кепілі», «Қазақстанның экономикалық өрлеу жолы», «Дамудың басты бағыты», «Қазақстанның қуат көзі**

– халық қамы», «Кемел болашаққа жасалған батыл қадам», «Адамның саулығы – қоғамның байлығы» атты кітап көрмелері, мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылып өткізілуде.

Соңғы 10 жылда кітапханалар саны - 579-ға, мұражайлар - 58-ге және мәдениет үйлері 1,5 мыңға артты. Сонымен бірге, мәдениет мекемелеріне бару деңгейі осы саланың даму динамикасынан кейін қалуда деп атап көрсетті. Мұны барлығымыз толығымен мойындаймыз. Оған себеп – кітаптар мен мерзімді басылымдар үлесінің жеткіліксіздігі, жаңа ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етудің өз деңгейінде болмауы, материалдық-техникалық базаның заман талабына сай болмауы, тағы басқалар.

Бағдарламалық құжатта ұлттық электронды кітапхананың қорын кеңейтуді қамтамасыз ету тапсырылды. Осыған сәйкес мәдениет министрлігі: «Биылғы жылдан бастап мемлекеттік тапсырыс бойынша жарық көретін барлық кітаптардың электронды нұсқасы болады. Оларды кітапханаларға тапсырамыз» деп атап айтты.

Қазіргі таңда елімізде кітапханалар РАБИС бағдарламасымен жұмыс жасайды, бұл – қазіргі заманғы кітапханалық жүйеге қойылатын барлық халықаралық талаптарға жауап беретін кітапханаларды автоматтандыру жүйесі. Бүгінде, интернет, электронды пошта, компьютерлендіру және кітапхана-библиографиялық үдерістерін автоматтандыру, жаңа технологияларды ендіру сияқты жаңа заман талаптарынсыз кітапхананың толыққанды және нәтижелі жұмысын елестету мүмкін емес.

Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде РАБИС / республикалық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйе / бағдарламасымен жұмыс атқарылуда. Қазіргі таңда аудандық орталық кітапхананың кітап қорын толықтыру және өңдеу секторы катализатор және іздеу, тапсырыс модулі бойынша жұмыс атқарады, оған енгізілген әдебиеттер саны – 74988 дана, 3942 атау құрайды.

Мәдениет мекемелеріне адамдардың көп келуін қамтамасыз ету бағытында өткізілетін шаралардың бірлестігі ережелер қабылдау туралы мәселе қарастыру жайы көңіл қуантады. Осы бағытта Қазақстан азаматтары үшін мәдениет және өнер саласындағы мәдени игіліктер мен ұйымдардың барынша қол жетімді болуын қамтамасыз ету, мәдениет саласындағы ұсынылатын қызметтік сапасы мен оның әр алуандығын арттыруға жағдай жасау, Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау және насихаттау, ел тұрғындарын отансүйгіштікке тәрбиелеу, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде ауқымды әрі күнделікті тұрмыста қолдану қажеттілігін қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізуге барлығымыз атсалысуымыз қажет.

Осы мақсатта Елбасының маңызды да заманауи тапсырмасын, ең алдымен, еліміздің әр азаматы үшін мақсатты түрде жетістікке жету жолы деп қабылдайды. Сондықтан да біз барлығымыз оның жүзеге асуына атсалысып, Ортақ Еңбек Қоғамының құрылуына өз үлесімізді қосуға тиіспіз.

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘУЕЗОВ

Биыл ұлтымыздың ұлы жазушысы, драматург, әдебиетші-ғалым, қазақ әдебиетінің классигі М.О.Әуезовтің туғанына 115 жыл және қазақ халқының әлемге танытқан «Абай жолы» роман-эпопеясының жарыққа шыққанына 70 жыл толып отыр.

Осыған орай, облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы №47 мектепте 10-сынып оқушыларымен және кітапхананың оқу залында көпшілік оқырмандары арасында «Әлем таныған Әуезов» атты танымдық сағатын өткізді.

Көпшілік шараның мақсаты: жастарға заңғар жазушы М.Әуезовтің өмірінен мәліметтер беріп, шығармаларымен таныстыру, оқырмандық қызығушылығын арттыра отырып, көркемдік ерекшелігін ашып көрсету. Мұхтар Әуезов шығармаларының өміршеңдігін таныту.

XIX ғасыр әдебиетінің асқар шыңы – Абай болса, XX ғасыр әдебиетінің заңғар биігі – Мұхтар Әуезов екенін білеміз. Абай мен М.Әуезов мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Бұл күндері қос тұлға есімі ұлттық сана-сезімде мәңгі аталатын ұлы тұлғаларға айналды. Дана Абайдың қазақ халқының рухани ұстазы ретінде танылып, әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына айналуы – оның өз мұрасы ғана емес,

сонымен бірге М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы арқылы жүзеге асты. Осы роман арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классикасының шыңына шықты.

Кітапхана қызметкері Бағдагүл Махамбетәлиева М.Әуезовтың өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімеден бастады. Оқырмандардың сүйіктісіне айналған «Абай жолы», «Көксерек» шығармаларына ерекше тоқталып өтті.

Абай тұлғасы – эпопеяның негізі. Мыңмен жалғыз алысқан кемеңгер ақын бейнесін М.Әуезов өзінің кемел көкірегінде қолына қалам ұстаған күннен бастап мүсіндеп келген. Романдағы Құнанбай бейнесінің жасалуы бүкіл әлем әдебиеті тақырыбында сирек кездеседі.

Тақырыпқа сай кітап көрмесі ұйымдастырылып, дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған ұлы суреткердің ұлы туындысы – «Абай жолы» кітабына, тұңғыш рет жарық көрген электронды аудионұсқа эпопеясына библиографиялық шолу жасалды.

Шараға қатысушылар арасынан Нұржан Айжарықов, Арай Зайлашева, Серікболсын Қайболдин, Ақмарал Ерғали, т.б. «Абай жолы» романының басты кейіпкерлерінен құралған сөзжұмбақты шешіп, сұрақтарға белсене жауап берді. Соңынан М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Ұлы даланың ұлы жаршысы» атты слайд шоууды тамашалады.

Жыл сайынғы қазан айында өтетін облыс орталығындағы жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарының бірінші курс студенттеріне ай бойы «Бұл – сенің кітапханан» атты кітапхана саяхаты биыл да жоспарлануда. Саяхат барысында ұлтымыздың ұлы жазушысы М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы

және «Абай жолы» кітабын насихаттау жалғасын таба бермек.



Алтынгүлге ұстаздық атқа мінген
Түк қыла алмас тұрмыстың қатты ағысы!
Әуезов пен Абайды жатқа білген
Шәкірттері – жұртының мақтанышы!

Несіпбай БОЛҒАНБАЕВ,
Т.Бигелдинов атындағы
Республикалық әскери мектеп-
интернатының мұғалімі.
Қарағанды қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Бүгінгі білім беру ісінің сұранысы – айтқанды тыңдап шыққан бала емес, тыңдағанын өмірде қолдана алатын бала.

Баланы дамытатын – мұғалім, ол үрдіс 45 минуттан басталады. Мұғалім – менеджер. Ресейлік ғалым-педагог Ю.А.Конаржевский өмірге педагогикалық менеджмент, педагог-менеджер деген терминді әкелді. Менеджер латын тіліндегі «манус» - қол деген сөз, яғни, істі өзгелердің қолы арқылы тындырушы. Менеджмент дегеніміз – әр адамға тән ерекшеліктерді ескере отырып, оларды пайдалы әрі тиімді еңбек етуге жұмылдыру мақсатындағы іс-әрекеттің айырықша бір түрі. Мұғалімнің кәсіби сауаттылығы, құзырлылығы – оның дұрыс ұйымдастыра білуінде. Құзырлылық – сол істі білуші, жан-жақты хабардар, белгілі бір мәселеде беделді, белгілі бір сұрақтар төңірегінде хабары мол деген ұғымды білдіреді.

Сабақ – шығарма. Ол – әр мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Мұғалімнің кәсіби білімі қаншалықты жоғары болса, ол оқытып, тәрбиелеген

оқушы да соншалықты сауатты.

Соңғы кезде елімізде білімге деген көзқарас өзгерді. Егер бұрын ғылым – өндіріс – білім деп қараса, қазір мәдениет – білім – тарих деп қарайды. Осыған байланысты орта білім берудің мақсаты: алған білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдарлай алатын, өзінің білімін іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру.

«Мектеп жаны – мұғалім» деп тіл білімінің авторы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мемлекеттік тілден сабақ беретін мұғалімнің әр сабаққа шығармашылық ізденіспен дайындалуына тура келеді. Көп іздену, дайындалу, көрнекіліктер, қосымша әдебиеттерді орынды қолдана білу – негізгі мақсат.

Қазақ тілі мамандарының іскерлігі, білім мен біліктілігі, ой ұшқырлығы өте қажет. Қазіргі кезеңде білім беру саласында әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың сапасын көтеру мұғалімнен шығармашылықты, ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Ол кезеңдер:

1. Тақырыптың өзектілігін табу;
2. Мақсаты мен міндеттерін анықтау;
3. Зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу;
4. Болжам құру;

5. Болжамды тексеру;

6. Нәтижесін шығару.

Шығармашылықпен айналыса отырып, мұғалім оқу сапасын арттыруды, оқушының төмендегі жеке дара қасиетін кеңейтеді.

Ол: зеректілігін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын, шабыттылығын, белсенділігін, қызығушылығын, ұстанымын күшейтеді. Жақсы тіл маманы білімнің құрамы мен құрылымын анықтап, білім сапасын қамтамасыз ету жолдарын қарастырады.



Білім сапасын қамтамасыз ету жолдарының ерекшелігі неде? Мәселе «Не үшін оқытамыз» деген сұраққа жауап алудан басталады. Бұл сұраққа жауап ретінде алынатын соңғы нәтижелер нақтыланды. Бұдан кейін шешілетін мәселе «оқушыны оқуға қалай үйрету керек?» деген сұрақпен байланысты. Демек, мұғалім негізінен оқушыларға жүйеленіп

өңделген оқу материалын дайын күйінде ұсынбайды, баланы өз бетімен ізденуге, өзіне қажет білімді іздестіруге керек қасиеттермен қаруландырады. Қазіргі мұғалімнің теориялық әрі практикалық білім деңгейі оқушылардың білім сапасын қамтамасыз ету ісімен тікелей байланысты.

Сондықтан қазіргі мұғалімге ұсыныс:

1. Өздігінен білім жетілдіруге бағыт алу;
2. Зерттеушілік жұмыспен айналысу;
3. Оқушылармен зерттеушілік жұмыс жүргізу өте қажет-ақ.

«Халық кемеліне келіп, өркендеуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім керек» деп ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов айтқандай, азаттық пен егемендікті ту етіп отырған жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, дүниетанымының қалыптасуына әлемдік сапа деңгейіндегі білім қажет. Демек, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Осы орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың сапасын арттыруда жаңа технологияларды оқып-үйреніп, оны іс-тәжірибеде қолдану керек.

Жаңа технологиялардан:

1. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы;
2. Тілдік материалды сатылай кешенді талдау;
3. Ұжымдық тәсілмен оқыту жолдары;
4. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту;
5. Модульдік оқыту технологиясы;

6. Сабақта ойын элементтерін қолдану, тағы көптеген әдіс-тәсіл жайлы ақпараттар да өте көп берілген.

Осы технологияларды пайдалана білген мұғалімнің берген білімі сапалы болмақ.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабағын оқытудың сапасын көтеруде ақпараттық технологияның берері мол. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арнап шығарылған электронды оқулықтар санын, түрін көбейту – бізге міндет. Интерактивті оқыту тәсілдері күнделікті өмірге енсе, жаңа қоғам сұранысына мектеп жауап бере алады. Мектептегі оқу пәндерін оқытуды сапалы дәрежеге көтеруге мүмкіндігі зор – интернет жүйесі. Интернетті қазақ тілін оқытуда қолданудың дидактикалық мақсаты:

- Қазақ тілін болашаққа халықаралық тіл ретінде;
- Қазақстандық барлық мектептерге озық және тиімділігі үлкен әдістемелік тәжірибелерді таратудың оңай әрі тез жолын ұстану;
- Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту – әр ұстаз міндеті.

Қорыта келгенде айтарым, алдымызда отырған әр шәкіртті бәсекеге қабілетті, өмірде өзін-өзі дамытуға бейім, үздіксіз білім жүйесінде белгілі бір құндылыққа жетелейтін Қазақстан азаматы ретінде тәрбиелеуіміз үшін оқушының ықыласын оятып, өзінің ғана емес, өзгенің өсуіне ықпал етуі қажет.

Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,
Қазақстан Журналшылар
одағының мүшесі,
филология ғылымдарының
кандидаты.

ПАНФИЛОВШЫ БЕРДАЛЫ БАСҚАРОВ

Менің алдымда 1971 жылдың 12 ақпанында жарық көрген Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының органы – «Қазақ әдебиеті» газеті жатыр. Газеттің осы санында соғыс ардагері Бердалы Басқаровтың «Армысың, ардақты командирім!» атты мақаласы жарияланған. Мақаланың туындыгері Қарақалпақстан АССР-ының, Тақтакөпір ауданындағы Ленин атындағы кеңшарда тұрады. «Бұл кім болды екен, қазақтың ғана емес, әлемге танымал, бүкіл түркі халықтары құрметтейтін атақты батыр Бауыржан Момышұлының сарбазы, панфиловшы Қарақалпақстанда неғып жүр?» деген ой мені мақаланы тезірек оқып шығуға мәжбүрледі. «Армысың, ардақты командирім! Армысың қымбатты командирім Бауыржан Момышұлы! Мен Сізді соғыстың алғашқы күнінен бері танимын. Бір күні сапта тұрған солдаттарды Сіз аралап келе жаттыңыз. Кенет маған көзіңіз түсіп: «Жігітім, бері кел...»- деп шақырып сұрақ қойдыңыз.

- Қай жерден келдің?
- Өзбекстаннан.
- Әке-шешең бар ма?
- Түгел.
- Жауынгерлік міндетің не?
- Отанды қорғау.
- Қалай?
- Көздің қарашығындай.

...Барлауда жүрген біз өзіңізге таңдана да қызыға қараймыз. Өзіңіздің «оққағарыңыз» мықты еді. Шіркін, жігіттің сондай болғанына не жетсін! Кейін Сіз мені СОКП мүшелігіне қабылдадыңыз. Бұл менің өмірімдегі әрі жауапты, әрі үлкен асу еді. Содан бері Сіз маған туған ағадай болып кеттіңіз. Соғыс аяқталған соң Сіз әдебиет майданына көркем шығармалар беріп жүрдіңіз.

Ал өзіңіз сонау отты жылдары арқасынан қаққан «қойтапал» азамат елге сержант болып оралған еді. Отбасымда бес балам бар. Үлкен ұлым Самарқанд мал дәрігерлік институтында оқиды. Өзгелері – мектеп оқушылары. Өзім агроном болып қызмет атқарамын. Үкімет пен партия біраз жылғы еңбегімді ескеріп, орденмен марапаттады.

Қымбатты командирім, Бауыржан аға! Сізді Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталуыңызбен құттықтаймын! Мықты денсаулық, әдеби мол табыс тілеймін! Бердалы Басқаров».

...Иә, бұл агроном болып еңбек етіп жүрген кешегі панфиловшы жауынгер Бердалы Басқаровтың өз командирі Бауыржан Момышұлына деген бауырмалдық ыстық ықыласы еді. Бұл Бердалының

Бауыржан Момышұлына деген бауырмалдық сезімге толы сағыныш хаты болатын.

Екінші әлем соғысында неміс-фашистері Мәскеу түбінде кеңес әскерлерін тізе бүктіру үшін жанталаса соғыс жүргізгені белгілі. Атағы әлемге тараған, батыр Момышұлының ерлік істері туралы аңыз-әңгімелерді Бердалы ауыл еңбеккерлеріне, ауыл жастарына, мектеп оқушыларына қызықты етіп баяндап отыратын.

Тақтакөпір ауданындағы әдебиетші-мұғалімдер, ақындар мен жазушы-журналшылар Бердалы Басқаровты «Бауыржан Момышұлы туралы аңыз-әңгімелердің атасы» деп атайтын. Мұның да себебі бар. Бердалы Момышұлы туралы жүздеген аңыздарды білетін. Жүрген жерінде айтып жүретін. Соның бірі – «Гитлердің түсі». Аңызда Гитлер түс көреді. Түсінде рейхстагқа Бауыржан батыр ақ боз атымен кіріп келеді. Қолында – көк найза, иығында – автомат, Гитлердің кеудесіне ақырып кеп көк найзаны шаншиды. Осы кезде Гитлер ұйқысынан шошып оянады.

Бердалы Басқаров алыстағы командиріне хат жазып, өзінің аман-есендігін білдіріп отыратын. Командирі де барлаушы солдатына хат жазып тұратын. Бауыржан Момышұлы бірде: «Сен соғыста Өзбекстаннанмын дегенсің, қарақалпақстандық екенсің ғой, шыныңды айтпағаның үшін қандай жаза қолданайын?»- деп әзілдеп хат жазған.

«Соғыстан кейін Баукеңмен кездесіп, бір әңгімелесу – арманым еді...»- дейді Бердалы ақсақал күрсініп. «Батыр командиріммен бірге суретке түсу де арманым еді, маған тағдыр ондай бақытты сәтті сыйламапты...»

Шынында, Бауыржан Момышұлындай аты аңызға айналған батырмен кездесіп, әңгімелесу жер бетіндегі жұмыр басты адам үшін айтулы оқиға еді. Ал сол кезде Бердалы өзінің ардақты командирінің арадан жиырма жыл өткен соң Кеңес Одағының Батыры деген атақты алатынын сезді ме екен?

Бердалы Басқаров панфиловшылар дивизиясына 1942 жылдың күз мезгілінде келді. Осы уақытқа дейін әскери дайындықта болды. Бұл кез Кеңес әскерлерінің фашистерге қарсы шабуылды үдеткен кезі болатын. Мәскеу үшін шайқаста Панфилов дивизиясының неміс-фашистерін жермен жексен еткені белгілі. Ал фашист генералдарының психологиялық дағдарысқа ұшырауы да осы Панфилов дивизиясымен болған киян-кескі шайқастан соң болатын.

Бердалы Басқаров майданда барлау қызметінде болды. Бауыржан Момышұлының тікелей тапсырмасын жауынгер жолдастарымен ойдағыдай орындап жүрді. Небір қауіпті тапсырмаларды орындап, жау тылынан бірнеше рет «тіл» алып келді.

Бердалы Басқаровтың өміріндегі ең ұмытылмас оқиғаларының бірі – майданда жүріп СОКП мүшелігіне өтуі еді. Мұнда да Момышұлының ықпалы күшті болды.

Бердалы Басқаров соғыс майданында жаумен шайқасып жүрген отты жылдарда, яғни, 1944 жылы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Соғыстан соңғы бейбіт күндері ауыл еңбеккерлерінің мақтанышына айналған соғыс ардагері еңбек майданынан кеткен жоқ. «Жеңістің 30 жылдығы», «Жеңістің 40 жылдығы» медалдарімен, «Отан соғысы» орденімен марапатталды.

Соғыс ардагері, атақты Бауыржан Момышұлының батыр жауынгері, панфиловшы Бердалы Басқаров елге сыйлы азамат болды. Оны бүкіл аудан халқы «Бауыржан батырдың жауынгері, панфиловшы» деп құрметтейтін еді. Тіпті, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, совхоздың партия комитетінің хатшысы, совхоз директоры Басқаровты «Панфиловшы Басқаров» деп сыйлайтын. Совхозда агроном болып еңбек еткен Бердалы Басқаров бірнеше үкіметтік марапаттауларға ие болды. Ойдалы қазақтар (Қарақалпақстандағы қазақтарды өзбек, түрікмен, қарақалпақ түркілері «Ойдалы қазақтар» деп атайды, М.Ә.) Бауыржан Момышұлы туралы ауыз әдебиетінің үлгілерін қалыптастырды. Қазіргі таңда Бердалы Басқаровтың Бауыржан Момышұлы туралы айтып жүретін аңыз-әңгімелері ұрпақтан-ұрпаққа тарап, халқымыздың рухани азығына айналды.

Гүлхан ӘКІМАНҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласындағы
№1 кәсіптік лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АБАЙ МЕН ПУШКИН ЛИРИКАСЫ

Сабақтың мақсаты: Абай мен орыс ақыны шығармашылығындағы өмір шындығын, халықтың басынан кешкен ауыр тұрмысын оқушылар зердесіне жеткізу. **Сабақтың міндеттері:** білімділік – тілдер достығын, халық мүддесінің бар екендігін, достыққа, бірлікке, жарқын болашаққа талпыну, үстем таппен күрес жүргізуге шақырған лирикалық әсемдікке үндегенін түсіндіру; **дамытушылық – а)** оқушылардың ой-өрісін кеңейту, әдеби тіл мен мәдени тіл арасын бір-біріне ұштастыра отырып, оқушылардың өлеңді мәнерлеп оқуын өрістету; **ә)** оқушыларды адалдық пен адамдыққа, сұлулық пен әсемдікке, таза махаббатқа тәрбиелеуді нақты түрде дамыту.

Түрі: интеграциялық сабақ. **Көрнекілігі:** түрлі плакаттар, Абай мен Пушкиннің портреті, Абайдың әндері: «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Татьянаның қырдағы әні» (пластинка).

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Оқушыларды түгелдеу, оларды сабаққа бейімдеу.

3. Жаңа сабақты түсіндіру.

4. Үйге тапсырма.

Плакатта жазылған өлеңдер:

1. Жүрегімнің түбіне терең бойла

Мен – бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Шын ақынның ұлтына қарай ма сөз,

Жан қимас жолдас болды талайға сөз.

Суарып қазақтың кең шөл даласын

Саулады сел тасқын боп Абайдан сөз.

Орыс тілінде:

Был у русских Пушкин – ақын

Все науки на свете он знал.

В душу каждого он проникал

Душу каждого он разгадал.

Үйге берілген тапсырма. Жекелеген оқушыларға Абайдың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Ғашықтық, құмарлық пен ол екі жол» атты екі өлеңін, ал бір топ оқушыларға «Татьянаның хаты» өлеңін жаттауды тапсыру.

Мұғалімнің алғы сөзі:

- Бүгінгі сабағымызда Абайдың аудармаларымен танысамыз. Орыс әдебиетін

оқып-зерттеуге ден қойғанда Абайдың ең алдыңғы кезекте оқыған ақындарының бірі – Александр Сергеевич Пушкин екенін байқаймыз. Пушкиннің өлең шығарудағы асқан таланты, көркемдік әдісі Абайдың жүрегіне жақын еді. Пушкинді оқып ол ақындық шеберлігін шыңдай түсті. Абай қазақ әдебиетінде тамаша азаматтық лирика жасады. Махаббатты, адалдықты, шын достықты, табиғатты Пушкинше жырлау дәрежесіне көтерді. Осылай ол туған халқына жақындасудың жолын тапты. Ол Пушкинді халқымыздың рухани қазынасына айналдыру мақсатына 1887-1889 жылдары кіріседі. Абайдың махаббат лирикасы жастарды адалдық пен адамдыққа, сұлулық пен әсемдікке, таза махаббатқа тәрбиелейді.

Орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі:

- Пушкин оставил после себя такие же бессмертные шедевры о любви, воспевающие чистые и благородные чувства.

Учитель казахского языка и литературы читает стихотворение А.С.Пушкина «Я вас любил».

*Я вас любил: любовь еще быть может
В душе моей угасла не совсем.
Но пусть она вас больше не тревожит,
Я не хочу печалить вас ничем.
Я вас любил, безмолвно, безнадежно,
То радостью, то ревностью,
Я вас любил, так искренно, так нежно
Как дай вам бог, любимой быть другим.*

Конкурс чтении стихов на русском языке.

Енді оқушылардың назарына салыстыру мақсатымен Абайдың «Ғашықтық, құмарлық пен ол екі жол» өлеңі оқылады (оқушылар оқиды).

*Ғашықтық, құмарлық пен ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол.
Көңілімнің рахаты сен болған соң
Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?*

Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы» өлеңдерінен махаббат сазы байқалады. Осы өлеңдеріне ол әнді де өзі шығарған. Қазір сол әндерден үзінді тыңдап көріңіздер (ән тыңдалады).

Орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі:

- Есть у Абая стихотворение, которое побуждает многих советских поэтов, вновь и вновь братья за его перевод.

Оқушылар қазақ тілінде «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңін оқиды.

*Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда Ай менен Күн шағылса да.
Дүниеде сірә сендей, маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып жақсы сөзден жаңылса да.
Шыдайды риза болып жар ісіне
Қорлық пен мазағына табынса да.*

А тепер послушайте переводы:

*1. Вовек моя душа не расцветет,
Пусть блещет солнце, пусть луна взойдет.*

*Тебя одну люблю, я в целом свете,
А ты влюбленным потеряла счет.
Возлюбленной проделки я терплю,
Она изменит – я не разлюблю.*

*И если надо мной она смеется
Молчать я сердцу страстному велю.*
(Перевод Карабана П.)

*2. Сияет в небе солнце и луна,
Моя душа печальна и темна.
Мне в жизни не найти другой любима
Хоть лучшего, чем я, себе найдет она.
И пусть любимая, забыв любви слова,
К моей тоске и верности мертва,
Забудет, оскорбит меня без сожаленья,
Я все прощу – моя любовь жива.*

(Перевод Луконина М.)

В стихотворении Абая «Сияет в небе солнце и луна» вы слышите Пушкинскую светлую грусть.

Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі:

- Пушкиннің лирикалық өлеңдері Абайдың жүрегіне тіпті жақын келді. Сондықтан Абай дүниежүзілік әдебиеттің асыл ескерткіші – «Евгений Онегинді» қазақ тіліне аударарды. Олардың көбі – Онегин мен Татьяна арасындағы хаттар. Онегин мен Татьяна бейнесінен Абай бірін-бірі сыйлап, риясыз сүйген жас жігіт пен қыздың тіршілік талқысының себептерімен қосыла

алмай, оның күйін танытады. Осы кезде 3-4 оқушы кезекпен Татьянаның хатын оқиды (кәртiшкелер).

Орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі:

- «Татьяна запела в степи» потому что внутренний строй ее письма стал близок сердцу казахской молодежи. И посредником был Абай.

(Чтение отрывка из произведения М.Ауезова «Путь Абая». 2-часть эпилог, 603-с.)

«Однажды вечером к крайней бедной юрте далекого большого аула подъехал жених с товарищем. Жигиты наших аулов – оба они были одеты бедно и невесту жених просватал себе в такой же обездоленной семье, как и его собственная. Молдабек, жених был певцом. Семья невесты позвала на скромную вечеринку молодую хозяйку аула, которую все любили и уважали. Тогжан пришла. В бедной юрте зазвучали песни. И вдруг неожиданно, одну за другой начал петь: «Письмо Татьяны», «Ответ Онегина», «Второе слово Татьяны», с первых слов Тогжан и не стала спрашивать ни о песне, ни о том, кто сложил исповедь сердца, взволнованного глубокими чувствами, изливавшего юную печаль, раньше никогда так не звучавшую. Когда Молдабек запел второе признание Татьяны, Тогжан потеряла самообладание. Давно не испытанное смятение отхватило ее, волнение отразилось на прекрасном лице. Не ее ли это собственные слова? «Ведь я покорилась судьбе, хоть не хотела такой жизни... Я не отреклась ни от любви моей, ни от тоски по тебе, но нам нет возврата к прежнему счастью»...- говорит песня, не эти ли слова говорила она больному другу и она сама, Тогжан глотая слезы?.. И вот они не забыты...»

Осы кезде «Татьянаның хаты» әні орындалады.

Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі:

- Абай да Пушкин сияқты өзінің поэзиясымен еңбекші халықтың жүрегінен орын алуды аңсады. Ол арманына жетті де, өйткені Абай өлеңдері халқымыздың есінде мәңгілікке қалды, ғасырдан-ғасырға жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа тарай береді.

Орыс әдебиетінің мұғалімі:

- Если Пушкин говорил: (читает отрывок из стихотворения «Памятник»)

И долго буду тем любезен я народу,

Что чувства добрые я лирой пробуждал.

Что в мой жестокий век восславил я Свободу

И милость к падшим призывал.

Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі:

- *Көп адам дүниеге бой алдырған,*

Бой алдырып аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,— деп жазды

Абай. Ол өзінің осы өлеңімен-ақ артына өшпестей ескерткіш қалдырып кетті.

Бүгінгі сабағымызды қорытындылай келіп, Абайдың сөзі мен әнін өзі дайындаған «Татьянаның қырдағы әні» атты әнін сіздердің тыңдағандарыңызды қалар едім.

Үйге тапсырма: Абайдың Пушкиннен аударған өлеңдерін оқу, өздеріңе ең бір ұнаған өлеңін жаттап келу.

Майпруза ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
Андреевка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
Лидия БРАГИНЕЦ,
неміс тілі пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы.
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан.

ГОБЕЛЕН ШЕБЕРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды гобелен өнерімен таныстыру; **дамытушылық** – қазақша дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту, өнер тақырыбы бойынша таным-түсінігін тереңдету, тыңдай білу және оймен бөлісу әрекеттерін ұштау; **тәрбиелік** – өнерге деген сүйіспеншілік қасиеттерді адамдық құндылықтар мысалында бойға сіңірту. Өнер адамдарын сүйеге баулу, өнер құдіретін сезінуге үйрету.

Ziele: 1) Entwicklung der Faehigkeiten und Fertigkeiten der mundlichen Rede und des Leserverstaendniss; 2) Entwicklung der Kaentnisse uber die Kunstarten – Gobelin; 3) Erziehung der aestetischen Gefuhle.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, неміс тілі, орыс тілі. **Межпредметные связи:** russisch, Kazachisch, deutsch und Kunst. **Түрі:** интеграциялық сабақ. **Түр der Stunde:** integrierte Stunde. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, салыстыру, пікір айту, тыңдау, жинақтау, аудару, баяндау. **Методы и приемы:** gaspraech, frage-Antwort. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, гобелен шеберлерінің портреттері, гобелендер презентациясы. **Anschauungsmittel:** tabellen, bilder der Gobelinmeister, Ggobelinbilder, schemen, computer.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу.

2. Сұхбаттасу:

- Сыныпта кім кезекші?

- Бүгін сабақта кім жоқ?

3. Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау.

I. Stundenanfang.

1. Begrussung.

2. Wer hat heute Klassendienst?

3. Das Thema der Stunde.

II. Жаңа сабақ.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Гобелен деген не?

«Гобелен осылай туады» атты слайд арқылы гобелен туралы түсінік беру.

Гобелен – қолмен тоқылатын суретті, түксіз кілем.

Тар мағынада Парижде 1662 жылы құрылып, бояушы Гобелендер есімімен аталған мануфактура өнімдерінің жалпылама атауы.

Кейін дербес суретшілік өнер түріне айналған Гобеленнің бөліктері түрлі түске боялған жібек не жүн жіптерден тоқылып, бір-бірімен тігіліп біріктірілді. Гобелен дербес суретшілік өнер туындысы ретінде алғаш Франция, Италия, Германия елдерінде дамып, кейін Ресей, Балтық бойына, Кавказға кең тараған.

Қазақстан бейнелеу өнерінде Гобелен тоқу 20 ғасырдың 70-жылдарынан бастап күрт өркендеді. Оның дамуына үлес қосқан суретшілер: Қ. Тыныбеков, И.Ярема, Б.Зәуірбекова, Ә.Бапанов, С.Бапанова, Е.П.Николаева, т.б.

80-жылдардан бастап Гобелен қоғамдық орындарды безендіруге кеңінен қолданылды. Алматыдағы «Қазақстан» мейманханасының салтанат залын

әсемдеуге арналған «Қазақстан» гобелені үшін суретшілер И.Ярема, Б.Зәуірбекова, Е.Николаева және Қ.Тыныбековке 1980 жылы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді.

По способу исполнения гобелены бывают двоякого рода: одни ткются на станке, в котором основа натянута в отвесном положении; это более дорогой, трудный, но вместе с тем и совершеннейший сорт ковров, называемый *haute-lisse* (готлис); другие ковры, при ткани которых основа имеет горизонтальное положение, благодаря чему труд работающего значительно облегчается, носят название *basse-lisse* (баслис). Парижская национальная мануфактура с 1826 г. занимается изготовлением исключительно ковров первого рода.

Arbeit am Text “Die Gobelinkunstmalerin Batima Saurbekowa”

1. Lesen Sie den Text über die kasachische Gobelinkünstlerin Batima Saurbekowa. Die folgenden Wörter helfen Ihnen beim Verstehen des Textes:

Weben – *ткать*;

sticken – *вышивать*;

der Faden – *нить*;

der Schafsbock – *баран*.

In alten Zeiten verstand jede kasachische Frau zu weben, zu sticken, schwere farbige Teppiche aus Filz herzustellen. Die Traditionen der Volkskunst und werden auch heute in der angewandten Volkskunst und in den Werken der Künstler gepflegt. In den kasachischen Gobelins vereinigen sich die traditionellen technologischen Verfahren, die nationale Auffassung des Musters und der Farben mit der darstellerischen Inhaltsstruktur. Auf dieser Synthese beruht die Eigenart der modernen kasachischen Weberei. Der Gobelin ist für die kasachischen Gobelinmaler nicht nur ein farbenreicher

dekorativer Bildteppich, der als Verzierung des Raumes dient, sondern er ist auch eine Möglichkeit des Ausdrucks der künstlerischen Weltauffassung. Zu den Themen, die von den kasachischen Gobelinmalern ausgedrückt werden, gehören solche starken menschlichen Gefühle wie die Liebe, die Leidenschaftlichkeit des Kampfes, das Glück. Das alles kann in den Gobelins der kasachischen Gobelin-Kunstmalerin Batima Saurbekowa sehen. Ihre Gobelins ist eine lyrische, frauenhafte, weiche Schaffenskraft eigen. Batima

Saurbekowa ist eine ruhige schüchterne Frau mit weichen, feinen Gesichtszügen. Sie arbeitet standhaft an ihren Gobelins, findet immer Zeit für schöpferische Experimente. Sie begann ihren Schaffensweg mit der Herstellung kleiner Souvenirgobelins. Die Lehrer der Almatyer Kunstschule, wo Batima Saurbekowa studierte, erblickten die Zukunft von Batima, die Zukunft einer Künstlerin der angewandten Kunst. Ihre ersten Werke waren "Die Meisterin", - ein Mädchen mit schmalen Gesicht, das einen Faden in der Hand hält, "Koschkar Mujus" (Horn des Widders) – ein Schafsböckchen mit den herrlichen Hörnern. Die Gobelins von Batima Saurbekowa sind an den warmen gelbgrünen Farben, den graziosen Mädchengestalten zu erkennen. Diese Gestalten stellt sie gewöhnlich in der Mitte des Gobelins dar und um sie herum sind Jurten, die im Schatten stehen, Pferde, die im lautlosen Galopp erstarrt sind (z. B. Die Gobelins "Erinnerung". "Melodie", "Auf Dshailau").

Batima Saurbekowa wählt selbst die Zusammensetzung der Farbstoffe, erreicht den gewünschten Farbton. Für ihre zarten Hände ist eine schwere und komplizierte Arbeit, aber das ist ein Bestandteil ihres Schaffens.

Heute befasst sie sich mit der Anfertigung von monumentalen thematischen Gobelins, die ihre Suche nach

eigenen Themen und nach einer individuellen Arbeitsweise ausdrücken.

(L.Orasbekowa. Sow jet kasachstan von heute. Nr.1, 1979)



B.Saurbekova. Gobelin



2. Ergaenzen Sie folgende Saetze:

1. Die Eigenart der modernen kasachischen Weberei beruht auf

2. Der Gobelin ist fur die kasachischen Gobelinmaler nicht nur ein farbenfroher dekorativer Bildteppich, sondern auch eine moglichkeit

3. Zu den Themen gehören Gefühle wie
4. Die Gobelins von Batima Saurbekowa sind
5. Man erkennt ihre Gobelins an den
6. Die Gestalten stehen gewöhnlich
7. Batima Saurbekowa wählt selbst
8. Sie sucht immer nach

3. Suchen Sie im Text passende Substantive zu den folgenden Adjektiven: (schriftlich)

- die angewandte ...
- die moderne ...
- die farbenreiche ...
- die lyrische, frauenhafte, weiche ...
- die ruhige, schuchterne ...
- die feinen, weichen ...
- die warmen gelbgrünen ...
- die graziosen ...

2. Мәтін бойынша жұмыс.

- 1947 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданында туған.
- 1966 ж. Алматы көркемсурет училищесін бітірген.
- 1971 ж. Львов Мемлекеттік сән және қолданбалы өнер институтын бітірген.
- 1971-1978 ж.ж. Мемлекеттік театр көркемсурет институтында оқытушы.
- 1978-1980 ж. шығармашылық жұмыста болды.
- 1980 жылы қайтыс болды.
- Оның қолынан туған гобелендері:
 “Шопан” - 1970 ж., “Дала балладасы” - 1974 ж.,
 “Тау мен дала аңызы” - 1975 ж., “Әлем” - 1976 ж., “Тың шеруі”,
 “Байқоңыр ырғақтары” - 1977 ж., “Медеу” - 1978 ж.,
 “Байқоңыр” - 1979 ж., “Аққу әні”, “Теңіз симфониясы” - 1980 ж.

Қ. Тыныбеков Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би ауданында дүниеге келді. Ол – тоқыма суретшісі, ұлттық гобелен өнерінің негізін салушылардың бірі. Алматы көркемсурет училищесін және Львов Мемлекеттік сән және қолданбалы өнері институтын бітірген. Оның қолынан туған «Шопан», «Дала балладасы», «Тау мен дала аңызы», «Әлем», «Байқоңыр», «Аққу әні» атты гобелендері түрлі-түсті бояу үйлесімдігімен және ішкі қуатқа толы әшекейлі өрнектерімен ерекшеленеді. Қ. Тыныбеков Қазақстанда гобелен тоқу өнерінің қалыптасуына көп еңбек сіңірді. «Қазақстан» гобелені үшін Қазақ ССР-і Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Мәтінмен жұмыс:

а) мәнерлеп оқу; ә) аудару; б) сұрақ-жауап:

1. Қ. Тыныбеков қай жерде дүниеге келді?
2. Оның қолынан қандай гобелендер туды?
3. Қ. Тыныбеков гобелендерінің ерекшелігі неде?
4. Оған қандай гобелені үшін Қазақ ССР-і Мемлекеттік сыйлығы берілді?

в) Сөз тіркестерінен құрмалас сөйлем құрастыру. Гобелен шеберлері, көрме залына, әр түрлі тақырыптағы суретте.



Қ. Тыныбеков. "Отбасы" гобелені. 1973 ж. ҚР Мемлекеттік өнер музейі

4. Топпен жұмыс. Оқушылардың гобелен шеберлері туралы әңгімелеуі:

4. Erzaehlungen der Schuler:

Jarema Irina Senowjewna wurde am 26. Juni 1931 in Ukraina geboren. Im Jahre 1965 absolvierte sie die Hochschule fur Kunste in Liwow.

Spater ubersiedelte sie nach Kazachstan. Die Haupttrichtung in ihrem Schaffen sind Gibelins. Viele von ihnen sind weltbekannt, z.B. "Altai", "Chemie", "Industrie", "Der Marchenjager", "Karagasch", "Tamgalys Sonne", "Warum meine Sonne", in dem wiederspiegelte sich die ganze Macht und Schonheit der kazachstanischen Natur. Zusammen mit Tynybekow und Saurbekowa schuf Jarema 1981 das Gobelin "Kazachstan". Das ist ein monumentales Werk, um es zu schaffen brauchten die Meister uber eine Tonne Wolle, es ist mehr als 100 Qwadratmeter gross. Fur dieses Werk bekamen sie den Staatlichen Preis Kasachischer SSR. Die Werkw von Jarema schmucken viele Museen, Hotels, Kulturhauser in verschiedenen Stadten Ukraina und Kazachstans.



И.З.Ярема. "Неліктен менің жерім?"
гобелені. 1989 ж.

б) Николаева Елена Павловна – қолөнер шебері. Ол 1940 жылы Алматы қаласында туған. 1962 жылы Алматы көркемсурет, 1967 жылы Санкт-Петербургтегі жоғары көркем-өнеркәсіп училищесін бітірген. 1967 жылдан шығармашылық жұмыста болды. 1972-1976 жылдары Алматы көркемсурет училищесінде ұстаздық етті. Е.Николаева негізінен дәстүрлі халық өнерін дамытуға үлес қосты. Оның «Шекспир» панносы, «Сәндік портреттер», «Жаңарған өлке», «Жеңіспен оралды» тағы басқа гобелендері бар.

1981 жылы «Қазақстан» қонақ үйіндегі «Қазақстан» гобеленіне Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Немалый интерес вызвали и гобелены семейного дуэта Алии и Дюсенкуль АХМЕТОВЫХ. В сотканых вручную работах матери и дочери ощущается связь современности с древней землей, с ее вековыми традициями.

- У нас очень творческая семья, - признается Дюсенкуль Ахметова. - Глава семейства - скульптор, а мы с дочкой пытаемся возродить уникальное искусство гобелена. Меня ему научил мой преподаватель, когда я была студенткой Чимкентского художественного училища. Потом я передала эти знания своей дочери, и теперь мы работаем вдвоем.


5. Жүппен жұмыс.


Arbeit in Paaren

Используя слова упражнения 3, составьте вопросы для интервью с семейным дуэтом Ахметовых на немецком языке, ответы подготовьте на казахском языке.

Сабақты қорытындылау.

Рефлексия: Мен бүгін сабақта

Не  түсіндім?
көрдім?
сезіндім?
естідім?

Ich habe heute  verstanden
in der Stunde gesehen
gefüllt
gegort

Оқушылардың білімдерін бағалау.

Hausaufgabe

Үйге тапсырма беру: эссе «Менің гобелен туралы ойларым».

Schreiben Sie einen Aufsatz “Was ich über Gobelin meine”.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Немецкий язык для 11-класса общеобразовательных школ общественно-гуманитарного направления.
2. Т.М.Артыкова. Казахский язык. 11-класс общеобразовательных школ общественно-гуманитарного направления, 2007.
3. Национальная энциклопедия. 3, 4, 8 тома.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық.
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.
6. Материалы интернета.

Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
Қарағанды облысының
Шет ауданындағы
«Көктіңкөлі» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ИМАНДЫЛЫҚ – ИНАБАТТЫЛЫҚ

Мақсаты: қазақ халқының басқа да мұсылман халықтар сияқты ұстанатын діні – ислам діні. Оқушыларға ислам дінінің бастауы, негізін түсіндіру. Қасиетті Құран кітабының негізгі қағидалары адамды жақсылыққа, тазалыққа, сенімге, қайырымдылыққа тәрбиелейтінін ұғындыру.

«Жаным – арымның садағасы», «Қызға – қырық үйден тыю» сөздерінің мағынасын түсіндіру.

Көрнекілігі: «Құран» кітапшасы, «Намаз үйрену» кітабы, «Тазалық – имандылық жаршысы» тәрізді нақыл сөздері.

Барысы:

1-оқушы:

- Я, Алла!

Адамдарға қас қылма,

Сорлы қылма көк аспанның астында.

Я, Алла!

Жауыздықтан сақтай гөр.

Жамандыққа, жауыздыққа бастырма!

(Мұқағали)

Мұғалім: - Ислам діні – дүние жүзіне кең тараған діндердің бірі. Дүние жүзінде 500 миллионнан аса мұсылман бар. Мұсылман дінінің негізін салушы Мұхаммед Пайғамбар. Бұл діннің қасиетті кітабы – Құран.

«Құран сөзі – Құдай сөзі» деп үйретеді мұсылман баласы. Құран мұсылман баласының қалай өмір сүруі керектігі жайлы жазылған заң шарттарынан тұратын кітап.

2-оқушы:

Дін – белгілі заңдылықтардың жүйесі. Оны қоғамның әрбір мүшесі орындауы тиіс. Дінге бағынған адам өз қоғамының заңын жүзеге асыруға міндетті. Ол – ақыл, білім, адамгершілік, имандылық, бейбітшілік діні. Мұсылман дінінің заңдылықтары – шариғат бойынша өмірге келген мұсылман адам оқып білуге міндетті. Оқымаса, білмесе, ол Алла тағаланың әмірін орындамағаны болып саналады.

Хадис – Мұхаммед Пайғамбардың даналық сөздерінің жиынтығы. Құран Кәрімнен кейінгі даналық сөздерінің жиынтығы. Онда мұсылмандардың имандылық, инабаттылық, адамгершілік ережелері жинақталған.

Хадистер сөйлейді:

1. Ұят – иман.
2. Ұят жанға жақсылық әкеледі.
3. Кімде-кім жүрегін иман үшін, шындық үшін ұстаса, өзін салихалы ұстап, көп тындап аз сөйлесе, ол – иманды адам. Біреуге зиян келтірме, өзіңе біреудің залал жасауына жол берме.

Аш адамға тамақ беріндер. Аурудан хал сұрандар.
Қарызға батқан адамға көмек беріндер.

Мұсылманның бес құқы бар:

1. Сәлем беру мен алу;
2. Шақырса бару;
3. Ақыл сұраса айту;
4. Ауырса көңіл сұрау;
5. Қайтыс болса жаназасына қатысу.

Апатқа апаратын жеті күнәдан аулақ болу:

1. Құдайдың құдіретіне шәк келтіру;
2. Алдаумен, арбаумен шұғылдану;
3. Біреуді нақақ өлтіру;
4. Пайдакүнемдік;
5. Жетімнің ақысын жеу;
6. Адал адамға жала жабу;
7. Отан қорғаудан қашпау керек.

Үш түрлі нәрсеге иманың кәміл болсын:

- Садақа бергеннен ырысың ортаймайды;
- Ақ адал малыңның қамын біле сабыр сақта;
- Тіршілікпен мал табуға кіріссең,
Тәңірдің сыны – биіктілік көрсетпе.

Имандылық жаршысы – сабырлылық,
кеңпейілділік.

Тәңір әйелдермен сыпайы сөйлесуді бұйырады.
Әйел – ана, әжең, қызыңыз. Аманатқа қиянат
жасамау керек.

Абай:

- Пайғамбарым қолдайды қосылған күш,
Мұхаммедтің үмметі – мұсылманбыз.
Алла тағалам ант етем, ант етем,
Алла есімін кеудемнен ұшырған күн.

Алла – ақиқат, Аллаға сенім етем,
Адалдық пен ақиқат серігі екен.
Адаспаймын, Аллаға сеніп өтем,
Арамдыққа баспаймын жолы бөтен.
Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөзі айтылмас.

Иран Ғайып:

- Бисмиллаһир – раһманир – раһим!
Арызым айтсам жетер ме?
Арыда айтсам – мұратым
Арман бір болсын бекерге,
Жаратқан ием таңырқап –
Ерік бір берсем мазаға...
Екі дүниеде жарылқап!

Жаным – арымның садағасы.

Қазақ халқы неке тазалығына, қалыңдықтың арын сақтап, қыздың қасиетін жоғары ұстауына өте зор мән берген. «Қызға – қырық үйден тыю, мың сан үйден – сын» деп ата-бабаларымыз қыздың ар-абыройын бүкіл ауыл-аймақ болып қорғаған.

Ар тазалығы үшін күресті жоғары санаған ата-бабаларымыз «Қыз қылығымен» деп, әдепті, инабатты, арлы болуын қалаған. Ар тазалығы отбасы берекесіне де себепкер болған. Төңкеріске дейін отбасында айырылысу, баланы тірі жетім ету дегеннің болмауына да осы ар тазалығы үлкен әсер еткен.

Жұмакүл ЕЛШІБАЕВА,
«Көктал» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Балқаш ауданы,
«Көктал» ауылы.

АЙТЫСТАРДАҒЫ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты: айтыс ақындарының ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданудағы шеберліктеріне көз жеткізу; **дамытушылық** — оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білу, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** — адамгершілікке, ұқыптылыққа, мейрімділікке, еңбек етуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: тірек-сызбалар, М.Әуезовтің зерттеу еңбегі, 17-том, газет-журнал материалдары, «Ана тілі» газеті, 1997 жыл. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Түрі:** қайталау сабағы.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру жұмысы.

Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Ұй тапсырмасын тексеру.

- 1) Троп қай тілден аударылған?
- 2) Эпитет дегеніміз не?
- 3) Метафора мен аллегорияның ұқсастығы бар ма?
- 4) Кейіптеу, мысал келтір.
- 5) Гипербола, мысал келтір.

Жаңа сабақ: Айтыстағы ауыспалы мағынадағы сөздер.

	те- неу	эпи- тет	кейіп- теу	гипер- бола
Құм-қыстау, өлке-көктеу				
өзен-күзеу, жайлауым –жалпақ				
Сарайым-саба пісіп-пісіп				
Сөз – жаңбыр, дауысым – дауыл, әнім – ескек				
Ой-қамыс, кұлақ-қара көкпін Айнымас қанды балақ ақиықпын				

№1 Слайд.

Ұсынса қол жетпейтін арғымағым,
Арғынға балмаймын тай секілді.

Қай ақынның сөзі? Мағынасын ажырат.

№2 Слайд.

Әркім теке қояды өз лағын.

№3 Слайд.

Найманда ұлы дария саяткерім,
Балық боп ілінгенмін қармағыңа.

Кімнің сөзі? Сызбамен көрсет.

Құдықтан өнер қаздым тебенменен,

Атамын деп оқталған

Көк берен болат кез едім. **Орынбай**

Суда жүзген мен жайын емес пе едім,

Туласам, жарықтығым қайтер едің? **Жамбыл**

Басады андаусызда дүние-қақпан,

Қапияда бастырды қызыл шоқты. **Нұрилла**

Сабақты қорыту. Әдеби диктантта 5 сұрақ

беріледі. Жауап сөзбен жазылып, диктантты 2-3 оқушы оқиды.

1) Ауыспалы мағыналы сөздер қай ақында жиі кездеседі?

2) Ауыспалы мағыналы сөздерді не үшін қолданады?

3) Айтыстың көркемдік құндылығы неде?

4) Ақындар би-болыстарды, ру басыларын сынауда қандай тілдік тәсілдерді қолданған?

5) Қазіргі айтыстарда ауыспалы мағыналы сөздер кездесе ме?

Кімнің айтысынан байқадың?

Сабақты бекіту: балама тест: «иә», «жоқ».

1. Сүйінбай Жамбылмен айтысқан ба?

2. Жұмбақ айтысы қазіргі ақындарда кездесе ме?

3. Жамбыл Айкүміспен айтысқан ба?

4. «Жар-жар» айтыстың түріне жата ма?

5. Ауыспалы мағыналы сөздер айтысқа қажет пе?

Үйге тапсырма: «Жаныма жақын тұлға» атты эссе жазу.


Құралай УАХИТҚЫЗЫ,
Бақытгүл ТАБЫЛДЫҚЫЗЫ,
Павлодар қаласындағы
№41 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП» АКЦИЯСЫ

Іс-шараның тақырыбы:

Жүсіпбек Аймауытов және оның романы
«Ақбілек».

Іс-шараның мақсаты: 1) оқушылардың әдебиетке
деген қызығушылығын ояту; 2) жастарды кітап оқуға
шақыру, шығарманың құндылығына көз жеткізу.



«Атамекен» әні ойнап тұрады.

(Сыныпқа шет елден келген журналист кіреді.)

Ресейден келген оқушы - Леонид: – Сәлеметсіңдер
ме?

Жүргізуші – Әйгерім: - Сәлеметсіз бе!

Ресейден келген оқушы - Леонид: – Мен Қазақстанға Ресейден келдім, қазақ тілін үйреніп жүрмін. Қазақтың ақын-жазушылары туралы білгім келеді.

Жүргізуші – Әйгерім: - Хош келіпсіз, жоғары шығыңыз, отырыңыз.

Мұғалім – Құралай Уахитқызы:

– Балалар, бүгін бізде қандай мереке?

– Тіл туралы Заң қашан қабылданды.

Назарларыңды экранға аударыңыздар.

Бейнекөрініс – «XX ғасырдың бірінші жартысындағы саяси-әлеуметтік жағдай» (5 минут)

Электронды көрнекілік – «Қазақ тілі –көне тіл»,

«Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» (10 минут)

Жүргізуші Әйгерім: – 1-слайдқа қарасақ, ол 1889 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген («Баянауыл» вальсі ойнап тұрады).

2-слайд – Жүсіпбек Аймауытов – жазушы, ақын, аудармашы, драматург.

3-5-слайд – Өмір жолы.

Он бес жасына дейін туған ауылында болған ол әуелі ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Бұдан кейін де әр түрлі молдалардың алдын көріп, ескіше едәуір білім жинайды. Соның нәтижесінде ауыл арасында өзі де азды-көпті молдалық құрады.

- 1907 жылы молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс-қазақ мектебіне түседі.
- 1911 жылы Павлодардағы екі сыныпты орыс-қазақ мектебіне түсіп, оқуын жалғастырады.
- 1914-1919 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқиды. Семейде жүріп алаш

қозғалысына қатысады», «Абай» журналын шығаруға атсалысады.

- 1919 жылдан бастап Жүсіпбек Семейде, Павлодарда кеңес өкіметінің жұмыстарына араласады. Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болады.
- 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі болады.
- 1924-1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында істейді.
- 1926-1929 жылдары Шымкенттегі педагогикалық техникумға директор болады. Арасында әр түрлі саяси жұмыстарға араласады.
- 1929 жылы жазықсыз тұтқынға алынып, «халық жауы» деген жаламен 1931 жылы өлім жазасына кесіледі.

10 «а» сынып оқушылары Ж.Аймауытовтың өмірбаяны туралы қазақша-орысша айтады.

6-слайд – Шығармашылық мұрасы.

Сан қырлы талант иесі Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай.

10 «б» сынып оқушылары Ж.Аймауытовтың балаларға арнаған өлеңдерін жатқа оқиды.

Өлеңдері: «Ұран», «Айт, шүү, ала атым!», «Біздің торы құлын», «Тырна», «Қыс», «Шілде», «Ұршық».

Жүсіпбек Аймауытов:

Айт, шүү, ала атым!

Айт, шүү, ала атым!

Сүйеніш қанатым.
Жалғыз сен бейнетпен
Егінді салатын.
Жас шөпті шабатын,
Пайданы табатын,
Күн болса, алақай,
Еңбегің жанатын.
Айт, шүү, ала атым!
Бұл күн айт баратын.
Еріккен бай емен,
Бар малым-бар атым.
Бір осы ала атым,
Егін бар салатын.
Айт іздеп еріксем,
Жұмысым қалатын.
Айт, шүү, ала атым!
Сүйеніш қанатым.
Күн болса егер де
Еңбегің жанатын,
Сонда «айт», ала атым -
Мейрамдар шабатын,
Айт, шүү, бітірем
Жерімді салатын.

Біздің торы құлын

Жағы қалақтай,
Мойыны садақтай,
Төбелі жұлдыздай,
Жүні құндыздай,
Жалы жібектей,
Саны білектей,

Көзі моншақтай,
Құйрығы шашақтай,
Өзі жұп-жұмыр,
Еріні жып-жыбыр,
Дауысы шіп-шіңгір,
Басы құп-құлдыр,
Жұтынып жүруші ед,
Бұлтиып тұрушы ед.

Тырна

Жиналыңдар, достарым,
Тырнаны жырға қосалық.
Тырау-тырау, тырналар!
Жас тырнадай мырзалар!
Бұрынғы өткен күндерім,
Жұмыссыз ойнап жүргенім.
Енді жұмыс өзгермек:
Тіс тазарту – о да еңбек
Аяқ жуу, қол жуу,
Жас ұланда жазылдым,
Жасанбай енді не қылдым?!
Қатарда батыл кім болар?
Жас ұланнан кім асар?
Қазбек нені бітірді?
Қарнын шайға толтырды?
Ортақшылдық-досымыз,
Жас ұйым-біздің досымыз.

Қыс

Жалп-жалп, жалп-жалп жауды қар,
Тон киіндік, тоңды мал.

Бұрқ-бұрқ, бұрқ-бұрқ боран бар,
Боран жоқта тұман бар.

Қызыл шұнақ қызыл бар.
Суда айна тас мүсін бар.
Қылаулатқан қырау бар.
Боғы қатқан бұзау бар.

Үйіп алған отын бар.
Қалтыраған қатын бар.
Бүрсеңдеген қонақ бар.
Қыздар қылған шұжық бар.

Қонақ айтар қызық бар.
Ай, балалар, балалар!
Күнде оқуға жүрелік,
Үйренелік, білелік.

Жазғы шілде

Ой, балалар, балалар!
Шілдем, шілдем, шілде айым,
Шырлап торғай күн сайын.
Шұбар ала шешектер,
Шудаланған көк шөптер,
Жапырақтар жалпайды,
Жас қозылар марқайды.
Ұшты көкек қуалай,
Сайда пісті таңқурай.
Құрт, ірімшік қайналды,
Құлындар да байланды,
Нәйім-нәйім бауырсақ,

Ағын суға шомылсақ...

Ой, балалар, балалар.
Ойналық та, күлелік.
Үйретіп тай мінелік.

Ұршық

Сыртылдама, он саусақ,
Майдалап, мая түгілші.
Шыртылдама, шынашақ,
Шыр айналшы, шүйке ілші.

Оймышты ұштап, ырғай сап,
Ұршығым, сені қолға алам.
Ұршығым – ұшқыр нар тайлақ,
Жез бұйдалы, желмаям.
Желмаям, желші, нар тайлақ .
Тартына берме, тартаңдап.
Тартына берсең, тайтаңдап,
Тақымдап қоям, қайта айдап.

Қыла ма жалқау жарлылық,
Қылмаса ділгір жүн азы.
Екілен, зырла енді, ұршық,
Иірейін биязы.

Мұғалім – Құралай Уахитқызы.

7-слайд – прозасы мен әңгімелері:
“Әнші”, “Күнекейдің жазығы”.

8-слайд – драматургиясы:

“Рабиға”, “Мансапқорлар”, “Қанапия мен Шәрбану”, “Ел қорғаны”, “Шернияз”.

Мұғалім – Бақытгүл Табылдықызы.

9-слайд: «Бір ел – бір кітап» акциясы туралы.

«Бір ел - бір кітап» акциясы аясында биыл көпшілікке Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын оқу ұсынылып отыр.

Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын көпшілікке оқуға ұсыну шешімі Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың төрағалығымен өткен «Бір ел - бір кітап» акциясының ұйымдастыру комитетінің отырысында қабылданды.

«Ақбілек» романы – бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру үдерісін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. Шығарманың бас кейіпкері Ақбілек өшіккен адамдардың кесірінен ақтардың тұтқынына түсіп, неше қилы қорлық көреді. Өз елінде де алуан қиындықтарға жолығады. Кейін төңкеріс аяқталған соң қалаға кетіп, оқу оқып, өз бақытын табады.

Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы жазушы сол бір қиын-қыстау кезеңдегі қазақ ауылдарындағы өмір шындығын, адамдардың түрлі тағдырын кеңінен бейнелейді.

Акцияны ұйымдастырушылар романды ел арасында насихаттауға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі. Оның аясында Қазақстанның барлық мемлекеттік кітапханаларында романның мәні мен мазмұнын ашатын кездесулер, дөңгелек үстелдер

отырыстары, оқу марафондары мен көрмелер, барлығы мыңнан астам шара ұйымдастырылады. Кітап сүйер қауым «Ақбілек» романының электрондық көшірмесін www.kazneb.kz сайтынан ала алады.

Құралай Уахитқызы: – Біздің қаламызда Жүсіпбек Аймауытов атында қазақ музыкалық театры бар (слайдтар бойынша).

Қорытынды сөзді мектеп директорының орынбасары Рысты Шаймұратқызы алды. Оқушыларды Жүсіпбек Аймауытов туралы оқулықта кездеспейтін тың деректермен таныстырды.



Нүргүл ЕЛЕМЕСОВА,
Шәкәрім атындағы
Шығыс Қазақстан облыстық
үш тілде оқытатын
мамандандырылған
дарынды балаларға
арналған мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР – ҚҰНДЫ МҰРА, АСЫЛ ҚАЗЫНА

Мақсаты: шешендік өнердің алуан сипаттарын, шешендік сөздің түрлері, ерекшеліктері туралы

мағлұматты тереңдете түсу; халқымыздың даналығының – шешендік асыл қазынасының тәлім-тәрбиелік сипаттарын, ғасырлар бойы халық сынынан екшеліп өткен құнды мұра екендігін таныту.

Міндеттері: білімділік – шешендік сөз өнерінің «өнер падишасы» саналатындығын, шешендіктің шалқар шабыт, шалқыған сыр мен сезімнен туатынын, даналық ой, көркем сөз өрілімін талдай оқу. Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би өмірлері жайлы мәлімет беру; олардың көркем сөзден «сарай салған» шешендіктерімен бірге қазақтың әйгілі де айбарлы билері екендігін таныту; ділмар шешендіктеріне байланысты әңгіме, аңыздарды талдата оқыту; сөз астарының мән-мағынасын ашқызу, мазмұнын меңгерту, құрылысын таныту; **дамытушылық** – оқушылардың шешендер сөздеріндегі оралымды өткір ойды анық танып, талдай білулерін жетілдіретінін отырып, ой белсенділігін дамыту; шығармашылық ізденіске бағыттау; оқылған жайға көзқарасын анық жеткізу дағдыларын, мәнерлеп оқу шеберлігін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; **тәрбиелік** – кемеңгер шешендердің – үлгі-насихатқа толы ғұмыр иелерінің даналық ой маржандарын, сырлы сөздерін бойға сіңіру, адамдық қасиеттерін үйрену, әділдікті етіп жоғары көтерген, ел тұтастығын сақтауға зор мағына берген билер келбетін үлгі тұту, істерін өнеге ету; халықтық мұра – шешендік сөздерді және халықтық салт-дәстүрімізді сақтап, шешендік өнерді қадірлеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.

Түрі: ұжымдық, топтық оқыту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ой қозғау, жарыссөз, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** тірек-сызбалар, қанатты сөздер, әлем ойшылдарының шешендік өнер туралы пікірлері, билер суреттері. **Техникалық құралдар:** интерактивті тақта, дербес компьютер. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, халықтық педагогика.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Оқушыларды іс-әрекетке жұмылдыру.

Сынып оқушылары жұптарға, топтарға бөлініп, өзара белсенді әрекет атқарады.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Шешендік сөздер. Билер сөзі – нақыл көзі. Жиренше шешен.

Жиренше шешеннің сөзін – жауабын жаттау. Дәптерге қосымша деректер жазу.

Өткен сабақта біз халқымыз ерекше қадірлеген шешендік сөздермен танысып, сырлы сөз шеберлерінің бірі – Жиренше шешенмен кездескен едік.

Бүгінгі сабағымызға қандай олжамен келгенімізді танытып, ортаға салайық.

Ұжымдық жұмыс /сұрақ-жауап әдісі бойынша тексеру/:

1. Шешендік сөздер дегеніміз не?
2. Қазақтың шешендік сөз тарихы кімдердің есімдерімен байланысты айтылады?
3. Шешендік өнердің кеңінен дамып, биіктеген кезеңі?

4. Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін қайдан кездестіреміз?

5. Шешендік сөздер қандай болады?

6. Шешендік сөздер мазмұнына қарай нешеге бөлінеді екен?

Топтық жұмыс түрін орындату /конверттегі кәртішке үстелдеріне қойылады/:

1-топ. Шешен қандай болу керек?

2-топ. Шешендік сөз үлгілері бізге қалай жеткен?

3-топ. Шешендік сөздер қандай кездерде өмірге келген?

Жеке оқушымен жұмыс.

Үй тапсырмасының бірі – Жиренше шешен жайында деректер жинау болатын. Тексеріледі.

- Жиренше шешен – ауыз әдебиетіндегі Алдар көсемен Қожанасыр сияқты аңызға айналып кеткен бейне. Аңыз бойынша әз Жәнібек хан тұсында өмір сүрген. Сарай биі, шешен болғанға ұқсайды. Өйткені тарихи шежірелерде де, аңыздарда да екеуінің аттары бірге аталады. Әз Жәнібек 1406-1473 жылдар аралығында өмір сүрген екен.

- Әз Жәнібек ханның 62 биінің бірі болған екен. Бірде хан: «Әу, Жиренше, адам қалай қадірлі болады?» -дейді. Сонда Жиренше: «Қадірлі болғысы келген кісіге үш жолдас керек. Олар: бақыт, дәулет, ырыс,»- депті.

- Бірде хан Жиреншеге: «Бұл дүниеде не жетім?»- деген сұрақ қояды. «Ата қонысынан ауған ел – жетім. Серіксіз ер – жетім. Жаңбырсыз жер – жетім»- деген екен оған Жиренше.

Жиреншенің әз Жәнібек ханға берген жауабын жаттап келу тапсырылған болатын. Енді осы сөздердің мағынасына тереңдейік (2-3 оқушының жауабын тыңдау).

Ағын судың өлгені -

Алты ай қыста қатқаны... (1-2 оқушыға талдату)

Жиренше шешен сөзінің негізгі түйіні не деп ойлайсыңдар?

Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді.

Жиренше болып ойлансақ, «жақсы» деп кімді айтамыз? Олар неліктен «жақсы» атанды деп ойлайсыңдар?

III. Жаңа сабақ өту.

Кіріспе кезең. Оқушылар назарын аудару (тақтада):

Ақыл ойлап білген сөз

Бойыңа жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар. (Абай)

– Бүгінгі жаңа сабағымызды Абай атамыздың сөзімен бастағым келіп тұр. Бұл сөзді таңдау себебімнің сырын сабақ соңында сынға салармыз деп ойлаймын. Сабағымыз, өздерің біліп отырғандай, өткендегі сабағымыздың заңды жалғасы болмақ. Яғни, сөз өнерін жоғары қойған, аталы сөзге тоқтай білген халықтың бүгінгі ұрпағы – сендер ғасырлар бойы тамсандырып келген шешендік сөздердің мән-мағынасын түсіне талдап, бабаларымыздың ұлағатын оқып, осыдан бойларыңа рухани азық жимақсыңдар.

А. Жаңа тақырыпқа шолу жасау, мағлұмат беру.

Тақтаға назар аударайық (саяхатшы, зерттеуші А.Янушкевичтің сөзін жатқа оқып беру):

– *Мен қазақ ақынының суырып салма өнерін, асқақтата салған әнін тыңдап, ерекше әсерге бөлендім, бұдан бірнеше күн бұрын екі ел егесінде шаршы топтың алдында сөз сөйлеген шешендерді көрген едім, сонда мен тумысында Демосфен, Цицерондарды естіп, білмеген жандардың жезтаңдай ділмарлығына таң-тамаша болған едім. Ал бүгін менің алдымда не оқи, не жаза білмейтін ақындар бұлбұлдай сайрап отыр. Жаратқан иесі мұндай өнер берген халық мәдениет әлеміне өгей болуға тиіс емес...*

– Атақты орыс зерттеушісін таң еткен шешендер мен ақындар сияқты Жиренше шешен айтып кеткен «жақсылар» қатарында бір-бірінен бөле-жара қарауға келмейтін әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге арналған бүгінгі сабағымызды бастайық.

Топпен жұмыс:

* Әр топ оқушылары жеке жауап береді.

* Келесі топтар ретіне қарай толықтырады.

* Ауызша жауаптары тыңдалып жатқанда билер суреттерін экранға шығарып қою.

Жауаптар аяқталған соң тақтадан төмендегі деректерді жинақтай көрсетеді. Дәптерге жазғызады.

Төле би Әлібекұлы.

* Қазіргі Жамбыл облысына қарайтын Шу өзені бойында Әулиеата маңындағы «Жайсаң жайлау» деген жерде дүниеге келген.

* 1663-1756 (XVII-XVIII).

* Жасынан араб, парсы тілдерін жақсы меңгерген.

* Шығыстың аңыз әңгімелері, қисса-дастандарымен таныс болған.

* Әке тәрбиесімен билікке ерте араласқан. Алғыр, тапқыр, әділ болған.

* Әнет бабадан бата алған. Көреген. Толғаулар шығарған.

* «Қарлығаш әулие», «Бала би» атанған.

Қазыбек Келдібекұлы.

* От ауызды, орақ тілді шешен. Ел намысын қорғаушы. Даңқы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған жоңғар басқыншылығына қарсы күрес жылдары қазақ даласына жайылды.

* 1667-1764 (1763) жылдары өмір сүрген.

* Жастайынан ел ісіне араласқан. Кеменгер би, батыл елші, парасатты мәмілегер.

* «Қаз дауысты» атанған. Ұшқыр қиялды, ұрымтал ойлы, жалынды сөзді азамат.

* Қайсар, батыл, өжет, өткір, жаратылысынан дарынды, хас талант.

Әйтеке би Байбекұлы.

* Тәуке хан тұсында (1689-1766 жылдар аралығында) өмір сүрген.

* Қазақ халқының іргелі ел болуына ісімен де, сөзімен де зор үлес қосқан айбарлы би болған.

* Тапқыр, шешен, кең ой-өрісті, алғыр ойлы, өжет, әділдікті ту еткен, жүйелі сөзге көп мағына сыйғызған дана.

Шешендер сөздерін оқыту және талдату.
Оқулықпен жұмыс жасау.



Әр әңгіме, толғау талданған кезде ішіндегі түсініксіз сөздер интерактивті тақтаға шығып отырады.

1. Пырақ – жүйрік ат, сәйгүлік, арғымақ.
2. Үш бұтақты шідер – аттың алдыңғы бір, артқы екі аяғын қосып салатын тұсау.
3. Фәни – тұрағы жоқ, баянсыз, алдамшы дүние.
4. Мият – көңілге медеу, тірек, сүйеніш.
5. Торқалы той – салтанатты үлкен той.
6. Сағы сыну – тауы шағылу, беті қайту, көңілі қалу.
7. Суат – өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері.
8. Пақыр – халі нашар, сорлы, байғұс.

1-топ. Төле би Әлібекұлы:

Жаңбыр жаумаса, жер – жетім...

2-топ. Қазыбек Келдібекұлы:

*Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаз дауысты
Қазыбек би сәлем бере барыпты ...*

*Бір балаға таласқан екі әйелдің дауына шешім
айтқан Қазыбек.*

3-топ. Әйтеке би Байбекұлы:

Суалмайтын суат жоқ...

Жекелеме жұмыс.

Сергіру сәті ретінде. Оқушылардың өздері қызыққан туындылары бойынша сергіту сәтін өткізу.

Қаз дауысты Қазыбектің әйгілі «Біз қазақ деген – мал баққан елміз...»-деп басталатын сөзі.

Жаңа тақырыпты бекіту.

– Бүгінгі білгенімізді ортаға салып, «Үш пайғамбар» атанған үш би туралы әңгімелер мен олардың нәрлі сөздерінен алған білімімізге сараптама жасайық. Ел мұңын мұндаған, халқына қызмет еткен билер бойындағы қасиеттерден оларды тағы кімдер ретінде таныдық?

* елші, мәмілегер;

* тәрбиеші;

* саясаткер, қоғам қайраткері;

* заңгер;

* ақын;

* ойшыл, ғалым;

* психолог;

* шешен.

– «Шынайы шешен – жарқын тұлға» демекші, билеріміздің қазақ елі төріндегі жарық жұлдыздардың бірегейлері екендігін де жете ұғындық деп ойлаймын. Жиренше шешен айтқан «жақсылар» – біздің рухы күшті аталған шешендеріміз екені даусыз. Ұрпағы – сендер ұмытпай, ұлағатты сөздерін жаттап, айтып жүрсеңдер, олардың аттарының көгімізде мәңгі шырқап тұрғаны емес пе? Мына өздеріңе жақсы таныс ескерткіш-мүсіндегі қияға көз тіккен бабалардың отырысы ел іргесінің мығым екенін аңғартатындай.

Осындай төл тілімізде сөз кестесін төгілтіп, әділдікке жүгінген азаматтар арман еткен тәуелсіздігіміз баянды болғай.

IV. Сабақты қорытындылау.

- Міне, балалар, бүгінгі сабағымыз да мәресіне жетті.

«Төле би, ер Қазыбек, тілді Әйтеке
Асқар тау – Қазығұрттай білімді еді.

Бірі күн, бірі туған айдай болып,

Заманға сәйкесімен келіп еді», - деп бағаланған

билердің тамаша сөз оралымдарынан тағылым ала білсеңдер, сабақ басындағы:

«Ақыл ойлап білген сөз

Бойыңа жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар» деген Абай атамыздың сөзінің сырын түсіндіңдер деп ойлаймын.

V. Үйге тапсырма беру: Төле бидің жұмбақтап айтқандарын, Қазыбек би мен Әйтеке бидің толғауларын жаттау, «Шынайы шешен – жарқын тұлға» тақырыбына шағын шығарма – ойтолғау жазып келу.

VI. Білімді бағалау.

Айша ӘЛДІБЕКОВА,
Талдықорған қазақ-түрік
жасөспірімдер лицейінің мұғалімі.
Алматы облысы.

ТІЛДАРЫН

Мақсаты: оқушылар сөздікпен жұмыс істейді, әр сөздің мағыналық ерекшелігін таниды, сөйлеу дағдысы қалыптасады; ойын таратып айтуға, өздігінен іздену арқылы сөз қадірін түсінеді; жылдамдыққа, тапқырлыққа бейімделіп, сөйлеу мәдениетін меңгереді.

«Тілдарын»

Тіл – халықтың даналығы, танымы мен талғамын тауып айтатын шыншылдығын көрсететін, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес қазынасы.

Сайыс түрлері:

1. Ең үздік талапкер.
2. Ең үздік сатира.
3. Шешендік ойдың шебері.
4. Үздік мақала.
5. «Ана тіл – дана тіл...»
6. Үздік слайд.

Тіл мәйегі – сөздікте

Сөздік – ауызекі сөйлеуді кеңейтіп байытатын және әдеби тілімізді ғылыми негізде дамытуға арналған құрал.

І кезең. «Ең үздік талапкер» байқауы.

Екі топтан екі оқушы ортаға шығады. Оларға берілген тапсырма оқылып, жауабы айтылады. Дұрыс жауапқа синонимдік қатар атайды. Аталған синонимдік қатардың әр сөзі бір ұпай болып есептеледі.

Бірінші тапсырма:

1-тапсырма

Ақыл-білімімен жұртқа танылған ұлы адам.

1-тапсырма жауабы:

Ақылгөй, ақылшы,
данагөй.

дана, данышпан,
кемеңгер, ойшыл,
ұлы

Екінші оқушыға ұсынылған тапсырма.

2-тапсырма

Бір нәрсені тез байқайтын, сезімтал,
көреген адам.

Екінші тапсырма жауабы:

Аңғарғыш, аңғарымпаз, абайлағыш,
аңдағыш, байымды, байқағыш,
байқампаз, бағдаршыл.

Келесі тапсырмалар қатысқан екі оқушыға кезекпен көрсетіліп отырады.

Әркімнің өз бетінше сырттап жүруі, басы бірікпеу.

Бөлектену, оқшаулану, оңашалану, жекелену, даралану, алалану, шеттеу, аулақтану.

Үшінші тапсырма:

Көңілге келген ойды, пікірді, хабарды басқа біреулерге жеткізу.


Үшінші тапсырманың жауабы:

Сөйлеу, айту, деу, үндеу, тіл қату.

Төртінші тапсырма:

Білім және тәлім-тәрбие беретін мамандарға тән қасиет, ағартушылық қызмет.

Төртінші тапсырманың жауабы:



Бесінші тапсырма:

Белгілі бір мақсатқа жету үшін аянбай еңбек етіп, тырмысып, әрекеттену.

Бесінші тапсырманың жауабы:

Талаптану, талпыну, ұмтылу, тырысу, қарману, ынталану, тырбану.

Алтыншы тапсырма:

Көп нәрсені жете білу, ой-өрісінің кеңдігі.

Алтыншы тапсырманың жауабы:

Білімдарлық, білімпаздық, білгірлік, білімділік, білгіштік.

II кезең. «Ең үздік сатира» байқауы. Бұл кезеңге де топтан екі оқушы қатысады. Сатиралық шығарманы нақышына келтіре оқыған оқушы «үздіктер» қатарына ілігеді.

III кезең. «Шешендік ойдың шебері» байқауы. Қатысатын екі топтағы оқушылар дәйекті пікірлерді негізге ала отырып, өз ойын кеңейтіп айтады. (Ж.Аймауытов пен Ғ.Мұстафиннің тіл туралы ойларын таратып айту):

Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қазына. *(Жүсіпбек Аймауытов).*

Қазақтың қара сөзінде көп мән жатыр. Күй шалмайтын қараңғы көңілді шалады. Ендеше, соншалық қуатты да киелі қаруды қалай болса солай қолдануға болмайды. *(Ғабиден Мұстафин).*

IV кезең. «Ана тілі – дана тіл ... » байқауы. Бұл кезеңге қатысатын оқушылар түсіндірме сөздікті негізге ала отырып, сөздердің мағыналарын айқындайтын нұсқаны таңдайды. Дұрыс нұсқасындағы жауапқа тірек болған сөзге мақал-мәтел ойлап айтады. Қанша мақал айтса, сонша ұпай жинақтайды. Дарынды оқушы анықталады. Оқушыларға ұсынылған тапсырмалар:

Қойнау деген не?

- А) таулы жердің сайы;
- Ә) өзен арнасының тармағы;
- Б) зат сақтайтын жай.

Қосақ (ауыспалы мағынада)

- А) жұбай, өмірлік жолдас;
- Ә) қосалқы міндет;
- Б) малды екеулеп қосақтау.

Жалын (ауыспалы мағынада) –

- А) жанған заттан жоғары көтерілген алау;
- Ә) оттың жалыны;
- Б) адам бойындағы жігер, қайрат.

Жанр (зат есім) –

- А) тән белгілер;
- Ә) шығарма түрі;
- Б) кейіпкер сөзі.

Білім (зат есім) –

- А) хабарлы болу, түсінігі болу;
- Ә) білімді игеруші ғалым;
- Б) оқу орындары арқылы берілетін мәлімет.

Бірлік (зат есім) –

- А) ынтымақтылық, бүтіндік;
- Ә) бірлікке тырысушы, ұйымшыл;
- Б) бірден тоғызға дейінгі сандар.

Өсиет (зат есім) –

- А) ұлғайған кісілердің жастарға айтатын ақыл сөзі, кеңесі;
- Ә) ақыл үйретуші, өсиетші;
- Б) ақылгөй адам.

V кезең. «Үздік мақала» байқауы. Қатысатын оқушылар алдын ала жазып келген мақалаларын оқиды. Мақаланың мазмұнды болуымен қатар, көркем ойлармен берілген туындылары іріктеледі.

VI кезең. «Үздік слайд» байқауы. Оқушылар компьютер арқылы жасаған туындысын не мақсатта, неге байланысты құрастырғанын өзі баяндайды. Үздік аталған туындылары:

Қазақ салт-дәстүрлері

Тоқым қағар

Өзінің бәсіре атына ашамайын ерттеп мінген бала алғаш үйінен алысқа жолаушылап шыққан кезде «Тоқым қағар» тойы жасалады. Жиналғандар домбыра тартып, ән салады. Шағын айтыс болып, ойын-сауыққа айналады.

Атқа мінгізу

Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрдің бірі – 3-4 жасқа келген ұл баланы атқа мінгізу. Алдымен ағаштан ашамай-ер жасалған. Осыны жуас құнанға ерттеп, баланы мінгізіп, байлап қойған. Тізгінді балаға ұстатып, бір адам құнанды жетектеп, ауылды айналдыра жүргізіп, жиналып тұрған үлкендерге сәлем бергізетін. Әйелдер баланың атқа міну құрметіне шашу шашқан. Ересек балалар таймен жарысып, бірімен-бірі күресіп, түрлі ойындар ойнаған.

Жасалған слайдтың үлгісі ғана ұсынылып отыр.

Байқаулардың қорытындысы. Орын алған оқушылар:

1. «Ең үздік талапкер» – Нұрахмет Елдар
2. «Ең үздік сатира» – Оразтегі Абзал
3. «Шешен ойдың шебері» – Махмет Қасым
4. «Үздік мақала» – Бақтияр Әсемақын
5. «Тілдарынның» дарынды оқушысы – Балғабек

Сырым

6. «Үздік слайд» – Сапарғалиев Азамат.

Байқауға қатысқан оқушылар саны - 12. Сайыс 9-сынып оқушыларының қазақ топтары арасында өтті.

А.ТҮРБЕКОВА,
«№5 жалпы орта мектебі
мемлекеттік мекемесінің»
жанынан ашылған «Күншуақ»
шағын орталығының ересектер
тобының тәрбиешісі.
Маңғыстау облысы.
Мұнайлы ауылы.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖАҢА ЖЫЛ!

Зал іші әсем безендірілген. Жаңа жылдық киімдер киген балалар залға әуен ырғағымен еркін билеп кіреді. Шыршаны айналып барлығы билейді.

Тәрбиеші:

- Төрле, төрле, Жаңа жыл!
Айтамыз тебірене жаңа жыр.
Төрле, төрле, құтты жыл,
Жүрші әркез төгіп нұр.
Төрле, төрле, құтты жыл!
Қуаныштан айтылады әсем жыр.
Балалардың бақытында шек болмай,
Жүректері қуаныштан толқып тұр.
Қуаныш пен шаттықта теңелейік,
Жадырап, ән шырқап тербелейік.
Төрле, төрле, халқымның құтты жылы,
Бәріміз дөңгелене кел билейік.

Тәрбиеші:

- Қымбатты қонақтар, ата-аналар, балалар!
Сіздерді Жаңа жыл мерекелеріңізбен құттықтаймыз,
өмірлеріңізге шаттық, дендеріңізге саулық,

отбасыларыңызға ынтымақ-бірлік тілейміз.

- Құтты болсын, ағайын,
Жаңа жыл баршаға!
Қол соғып қарсы алайық,
Шақырайық ортаға.

Ән. «Жаңа жыл».

Алтынай:

- Қуаныштан лүпіл қағып жүрегім,
Жаңа жылды жылда күтіп жүремін.
Қаңтар айы – күнпарақты бастаған
Он екі айдың үлкені деп білемін.

Әсемай:

- Жаңа жылда жаңартамын үй ішін
Жаңа жылдық жаңа көңіл күй үшін!
Шырша тігіп, ойыншықтар ілемін,
Жарқыратып бөлменің бір мүйісін.

Тәрбиеші:

- Балалар, қарандаршы, шыршамыз әсем,
ойыншықтарымыз қандай әдемі! Осы шыршамызға
арнап бір тақпақтар айтайықшы.

Нұрқадам:

- Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағынған.
Міне, сұлу шыршамыз,
Қуанып қарсы аламыз.

Әйгерім:

- Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса!

Тәрбиеші:

- Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн
Әр қанаттан кең алқапқа тарайды.

Тәрбиеші:

- Балалар, жаңа жылымыз қызықты болу үшін ортамызға кімдер жетіспейді?

Балалар: - Аяз ата, Ақшақар.

Жүргізуші:

- Әрине, олай болса Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

Балалар:

- Аяз ата, Ақшақар,
Келіңіздер ортаға!
Сағындық біз сіздерді,
Асыға күттік қаншама!

Сырттан саңғырлаған дыбыс естіледі.

Жүргізуші:

- Балалар, Аяз ата мен немересі Ақшақар келе жатқан секілді (Осы кезде залға түлкі кіріп келеді)

Түлкі:

- Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар! Мен Аяз аталарың боламын.

Балалар: - Жоқ, жоқ, сіз Аяз ата емессіз.

Жүргізуші:

- Балалар дұрыс айтады, сіз Аяз атаға ұқсамайсыз.

Түлкі:

- Егер сендер сенбесеңдер, онда мен шыршаларыңды жоқ қыламын, ашуыма тимеңдер, сиқырлы құйрығыммен бәрін жойып жіберемін.

Жүргізуші:

- Балалар, Аяз ата келгенше түлкінің ашуына тимейік,
одан да көңілін көтеруге тырысайық.

Балалар:- Иә, Иә.

Жүргізуші:

- Сіз ашуыңызды басыңыз, ренжімеңіз, біздің балалар
өнерлі, жаңа жылды көп күтті.

Түлкі:

- Менің ашуым келіп тұр, мына ойыншықтарыңды
сындырып тастағым келіп тұр.

Егер өнерлерің ұнамаса, қиратамын бәрін.

Тәрбиеші:

- Балалар, тез-тез өнерімізді көрсетейік, сендер билеп,
ән салып, тақпақ айтқанда түлкінің сиқырының күші
жойыла береді.

Саятбек:

- Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жыл да келеді
Бізге қарай жылыстап.

Жұлдыз:

- Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.

Дінахмет:

- Өлең де әзір, ән де әзір,
Ойын да әзір, бәрі әзір.
Кел, Жаңа жыл, біздерге
Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!

Түлкі:

- Билерің, тақпақтарың жақсы екен, бірақ сендер маған ұнамайсыңдар. Қазір мен бәрін қиратамын (Құйрығын көтерсе, құйрығының сиқыры жойылған, одан да әрі ашуы келеді. Осы кезде алай-дүлей боран басталады. Залға боран келіп, гуілдеп қарды бората бастайды. Ал түлкі шыршаның түбіне барып, тығылып қалады).

Боран:

- Мен боранмын, боранмын,
Ақ қарға мен орандым.
Тидіндер сендер ашуға
Тыныш ұйықтап жатқанда.

Тәрбиеші:

- Боран ата! Басыңыз сіз ашуды,
Балалар біздің өнерлі:
Өлең айтып, би билеп
Көтереді көңілді!

Би «Домбыра».

Расул:

- Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы – ақ қырау, түсі – суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Жасұлан:

- Ақ қыс келіп боранды,
Аяз айтты зор әнді.
Айналаның бәрі де
Ақ көрпеге оранды.

Осы кезде боранның қалтасынан бір дыбыс естіледі,
ол – телефонның шырылы.

Боран: - Алло, алло

Аяз ата:

- Боран, ашуыңыз басылды ма? Балалардың ертеңгілігіне келе жатқанда қар жауғызып борандаттыңыз.

Боран:

- Иә, ашуым басылды. Мұндағы балалар өте өнерлі екен. Егер сіз келе жатсаңыз, мен қоштасайын.

Аяз ата:

- Иә, иә, біз немерем екеуіміз келе жатырмыз.

Боран:

- Иә, рұқсат болса, қайтайын. Қош, сау болыңдар, балалар!

Тәрбиеші:

- Балапандар, балалар,
Алыс жақын қала бар.
Сол шалғайдан келетін
Сыйлы жандар тағы бар.
Кімдер олар, балалар?

Балалар: - Аяз ата мен Ақшақар.

Тәрбиеші:

- Дұрыс айтасыңдар. Арамызда Аяз ата мен Ақшақар жоқ. Қане, оларды шақырайық.

Балалар: - Аяз ата, Аяз ата! Ақшақар, Ақшақар!

Аяз ата (көңілді дауыспен):

- Амансың ба, ұлдарым,
Амансың ба, қыздарым!
Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем жырларың!
Асулармен алысқан
Өздеріңе оралдым,
Бар сыйлығым, жоралғым!

Керемет бір ән тыңдап
Келіп тұр-ау демалғым!

Ақшақар:

- Ал, келіңдер, келіңдер,
Тақпақ айтып беріңдер.
Жомарт Аяз атадан
Сыйлық алып көріңдер.

Алинур:

- Аппақ талға оранып,
Базарлықты мол алып,
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

Салтанат:

- Қалып едік сағынып,
Күтіп қалдық жабылып.
Жағып қойдық жарық қып,
Шыршаларға шамды іліп.

Нұрым:

- Бізбен бүгін ойнайды,
Жаңа жылды тойлайды.
Барлық бала бақытты
Болса екен деп ойлайды.

Ән «Аяз ата».

Тәрбиеші:

- Ал, балалар, балалар,
Ескі жылдай аға бар.
Оны ортаға алайық,
Қош айтысып қалайық.

Даниял:

- Өткен жылға ырзамыз,
Өсе түсті бойымыз.

Қандық талай сырға біз,
Шарықтады ойымыз.

Ұлу (Нұрай):

- Балаларым, балғындарым
Алғысым көп айтар менің!
Дәл осындай артығырақ
Қарсы алыңдар жылан жылын

Жылан (Ұлмекен):

- Амансыздар ма, балалар!
Мен де бүгін келіп қалдым.
Жаңа жылмен барлығыңды құттықтаймын!
Жылан жылы құтты болсын
Денсаулықтарың мықты болсын!

Тәрбиеші:

- Келді, міне, жаңа жыл аппақ болып,
Ән болып, жұмбақ болып, тақпақ болып.
Ауламыздың тұсына қонып жатыр
Мұз болып, ақ қар болып, қатқақ болып.

Тәрбиеші:

- Аяз ата, біздің балалардың өнерін
тамашалаңыздар.

Бауыржан:

- Сақалы ақ, мұрны қызыл
Жылы екен жүзі де
Кірпігі – ақ, еріні – қызыл,
Мейірімді екен көзі де.

Әділет:

- Аяз ата, Аяз ата,
Сені күтіп жүрдік біз.
Томпақ қапты арқаланып
Келеріңе сендік біз.

Берекет:

- Шаттық жыр, шаттық жыр,
Дидарыңда шаттық тұр.
Аяз ата – ортада,
Арқасында қапшық жүр.

Ержан:

- Борандатып, аққарлатып Аяз ата келеді,
Ақ көңілмен, пәк көңілмен бізге сәлем береді.

Би: «Балапандар».

Тәрбиеші:

- Балалар, қане, Ақшақарға арнап өз тақпақтары-
ңызды айтыңыздаршы.

Венера:

- Мұздан моншақ тағынып,
Күміс қырау жамылып,
Ортада тұр Ақшақар
Көптен күткен сағынып.

Жаннел:

- Кел, билейік сенімен,
Деймін тартып жеңінен.
Еріп кетпе, Ақшақар,
Адамдардың демінен.

Ән «Кел билейік».

Алтынай:

- Көңілде – көп қуаныш,
Әр көңілде – жақсылық.
Кетер жылға – мың алғыс
Әкелген көп жақсылық!

Динара:

- Тілеймін мен бар әлемге:
Дос көп болсын жанашыр!

Ата-әже, папа-мама,
Құтты болсын жаңа жыл!

Бейбарыс:

- Төрлет енді, жаңа жыл,
Үлестір құт-береке.
Көп қуаныш ала жүр,
Көп болсыншы мереке!

Ырзабек:

- Келді жылым-бақытым,
Кемелденді уақытым.
Сәлем саған, жаңа жыл —
Жаңа бақыт, жаңа жыр!

Би «Ақ боз ат».

Аяз ата:

- Рахмет! Бәрекелді! Қандай тамаша, балалар!
Балапандарым, рұқсат болса, біз жүрейік. Біздің әлі
де болса баратын жерлеріміз бар, жолымыз ұзақ,
алыс дегендей. Келесі кездескенше сау болыңыздар,
балаларым.

Балалар: - Сау болыңыз!

Тәрбиеші:

- Қандай жақсы біздің Аяз атамыз,
Ол кеткенде терең ойға батамыз.
Ақшақар боп қалықтаймыз аспанда,
Құс жолымен ән сап бара жатамыз.
Жаңа жыл келді, міне, жерімізге,
Әкелсін құт-береке елімізге!
Жақсылық пен қуаныш жылы болып,
Қиындық жолатпасын бәрімізге! - дей отырып, Жаңа
жыл мерекесіне арнаған ертеңгілігімізді аяқтаймыз!

Эльмира АРТЫҚОВА,
Алматы облысының
Талғар қаласындағы
облыстық санаториялық
үлгідегі мектеп-интернатының
тәрбиешісі.

САЛТ-ДӘСТҮРІМ – САЛТАНАТЫМ

Мақсаты: қазақ халқының ұлттық қасиетін көрсететін әдебиет, тарих пәндерінің жас ұрпақ тәрбиесінде атқаратын зор рөліне ерекше назар аударып, жол-жора, салт-дәстүрлерін қастерлеп бағалау. Болашақта ұлттық қасиетімізді жоғалтып алмау.

1-жүргізуші:

- Бәріңізді 4 «б» сынып оқушыларының «Салт-дәстүрім – салтанатым» атты ашық тәрбие сағатын көруге шақырамыз!

2-жүргізуші:

- Сұраймыз алғыс та, ақыл да біз,

Үй – дастарқан, даламыз – сахнамыз.

«Салт дәстүрім – салтанатым» тәрбие сағатына

Сіздерді біз көруге шақырамыз.

1-жүргізуші:

- Қонақ күту – салтымыз,

Оқып-біліп жатырмыз.

Салт-дәстүрлер сақталса,

Арта берер даңқымыз.

2-жүргізуші:

- Қазақ халқының ежелден желісі үзілмей келе жатқан рухани-мәдени және адамгершілік тұрғыдан қымбат

қазыналардың бірі – көне салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы.

Мәди:

- «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрден халықтың мінез-құлқын, үлгі-өнегесін, даналығы мен даралығын, шешендігі мен тапқырлығын, ақыл-ойын көреміз.

Әйгерім:

- Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,
Тәлімді ой-саналы, тәрбие көзін қалдырған.
Салт-дәстүрді ардақтайық, ағайын,
Қазақ атты үлкен, кіші, балдырған.

Дана:

- Туған соң адам боп
Білімсізден жаман жоқ.
Ел дәстүрін білмесең
Жұрт айтады надан деп.
Ата-баба ардақты
Жамандыққа бармапты.
Ардақ тұтып үлкенді
Ата жолын жалғапты.

Арсылан:

- Ата-салтым, асыл мұрам – ардағым.
Бабалардың жалғастырар арманын.
Сан ғасырдың қалпын бұзбас қадірім,
Өткенімді бүгініммен жалғадым.

Жанаргүл:

- Бауырласқан тәніміз,
Бұзылмаған антымыз.
Кең даланың ежелгі
Қазақ дейтін халқымыз!

Аружан:

- Қазақ халқының салт-дәстүр, той-томалақтары өте көп. Келін түсіру, қыз ұзату, беташар, шілдехана,

бесікке салу, тұсау кесу, сүндет той, тілашар тойы, т.б.

Мәди:

- Енді салт-дәстүр мен ырымдардың мағынасына көз жіберейік.

Жүргізуші:

- «Шілдеhana» рәсімі бала дүниеге келген соң бір жеті бойы ана мен баланы күтіп, олардың қасында көңіл көтеріп, дастарқан жаю әдетімен өткен. Қырық күн толғанда бөбекті қырқынан шығарып, бесікке бөлеген.

Мәди:

- Бүгін біздің ауылда – той.

Той болғанда «Шілдеhana» тойы!

Аружан:

- Барлықтарыңызды тойға шақырамыз. Келіңіздер!

Ән: «Тойға арнау».

(Жанында немересі бар ақсақал келеді):

- Армысыздар халайық! Қалың елім!

«Сәлем сөздің – анасы» деген халқым,

Өмірге кімдер келіп, кім кетпеген,

Жақсыны жақсы ғана білмек деген.

Бүгінгі сәтті күнде той қылыпсыз,

Шілдеhana тойыңыз құтты болсын! Ағайын!

Дана:

- Баланы бесікке бөлейді,

Алас-алас, баладан – алас,

Көзі жаманның көзінен алас.

Қырық қабырғасынан алас,

Отыз омыртқасынан алас.

Қыздар бесік жырын айтады.

Мәди:

- Алқа-қотан – той-думан,

Ортамызды ашайық.

Ән мен күйді төгілтіп

Инжу-маржан шашайық!

Жүргізуші:

- Ән: «Қазақы дастарқан» (Орындайтындар: Қуандық пен Жанаргүл).

Жүргізуші:

- Ата сөзі – қасиетті, киелі,

Ата сөзі жанға жайлы тиеді.

Ата сөзі – өміріме өнеге –

Ата сөзі сыйластықты тілейді.

Жүргізуші:

- «Аталы сөз – баталы сөз»,

«Халықтың қартын сыйлауы – елінің салтын сыйлауы» деген сөз бар.

Арсылан:

- Ауыл бар ма, ақсақалсыз, ағасыз,

Оның әрбір сөзіне айтқан нанасыз.

Сөз берейік қарияға төрдегі,

Тағылымынан зор ғибрат табасыз.

Ақсақал:

- Қымбатты ағайын! Жас нәрестенің тойы құтты болсын! Қазақ халқы аталар сөзімен өсіп-өнген. Бабалар бұлағынан нәр алған.

Халқының салт-дәстүрін мұра тұтқан емес пе? Ақ дастархан үстінде ақ батамды берейін.

- Дастарқаныңа береке берсін,

Достарыңа мереке берсін.

Астарыңа адалдық,

Бастарыңа амандық берсін!

Дендеріңе саулық берсін. Әумин!

Жүргізуші:

- Бишілерде өнер көп, билейді биді мәнерлеп.

Қыздар биін көріңдер,

Өнерге баға беріңдер.

Ұлттық би. Орындайтын – «Қыздар» тобы.

Әлима:

- Әй, құрбылар, енді мына жігіттерге жұмбақ жасырайық. Олар шешуін тапсын.

Төмен қарап өседі,

Күн жылына өшеді (сүңгі)

Розалина:

- *Бес жанды бір жансызға мінгескен,*

Айналып ақ тақырдан із кескен

(Бес саусақ пен қалам)

Мәдина:

- *Дегендей ешкім тимесін*

Алыпты қадап инесін (Кірпі)

Даяна:

- *Мата қиындыларын қидаладым, қимай оны қызға арнадым.* (Құрақ)

Айдос:

- Біз де құр алақан емеспіз. Біздің де жаттаған мақал-мәтелдеріміз бар.

Білезікті қолдан тастама

Елдің аты сақталған.

Санжар:

- Ердің қасиеті – ерлігінде,

Қыздың қасиеті – жүзігінде.

Қанат:

- Сырғаның көздерінде ұлттың ұлылығы бар,

Оны түсінген қыздың жүрегінде сыры бар.

Ақсақал:

- Ой, бәрекелді! Айналайындарым, өнерлерің өрге жүзсін!

Көрініс – «Ата өсиеті».

Жүргізуші:

- Таза мінсіз асыл тас

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады,- демекші, «Ұлттық ұғым» атты

мына ойынымызды көремендермен ойнаймыз:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін ата.

2. Аттың түрлерін білесің бе?

3. Ұлттық ойындардың түрлерін ата.

4. Бес асыл іс пен бес дұшпанды білесің бе?

5. Жеті күнді ата.

6. Жеті атаңды білесің бе?

7. Жеті қазынаны білесің бе?

Жүргізуші: - Хор. «Қазақы дәстүрлер».

2-жүргізуші:

- Изеттілік басымдау салтында оның,

Қайырымды берген алтын кенін.

Құрметті қонағына кетерінде

Тай мінгізіп, кигізер жалғыз тонын. (Шапан кигізу)

Ақсақал:

- Таудай талапты болыңдар!

Қырандай талмас қанатты болыңдар!

Осы шаңырақтың иелерінің «Шілдехана» тойына
арнаған сый-сияпатына көп рахметімді айтамын.

Жас нәрестенің денсаулығы зор, ата-ананың сенімін
ақтайтын азаматы болып өссін!

Хор: «Қазағым».

Соңы.

Қорытынды.

Сәуле ОРАЛБЕКҚЫЗЫ,
Семей қаласындағы
№21 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АХАТ ШӘКӘРІМҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ

Тақырыптың өзектілігі: Ахат Шәкәрімұлының әдеби мұрасын тереңдей зерттеп, ақынның өмірбаянының қалың көпшілікке беймәлім тұстарын ашып көрсетуге тырысу.

Мақсаты: Ахат Шәкәрімұлының шығармаларын мүмкіндігінше толық жинап, оларды ерекшеліктеріне және тақырыбына, мазмұнына қарай жіктеп салыстыра зерттеу. Ахат Шәкәрімұлының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін саралап, әдебиет тарихындағы алар орынын анықтау.

Міндеттері:

- Ахат Шәкәрімұлының өмір сүрген кезеңдегі қоғамның тарихи тынысын талдап, мәдени жағдайына ерекше мән беру, сол арқылы ақынның уақыт ағымына қосқан үні анықталады;

- Ахат Шәкәрімұлының өміріне қатысты тың деректер жиналды;

- ақын тәлім-тәрбие алған мектептері айқындалды;

- ақынның әр тақырыптағы өлеңдерінің мағынасын ашып, талдап, оны Абай, Шәкәрім шығармаларымен салыстыра қарап, ұқсастығы мен айырмашылықтары анықталды;

Ахат Шәкәрімұлының лирикасы. Ақын өлеңдерінің тақырыптық аясы және алғашқы кезеңдегі өлеңдері. (1915- 1928)

Ұлы Абай: «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей», «Жұртым-ай шалқақтамай сөзге түсін, ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін» деген жолдары арқылы өлеңнің күрделі ішкі құрылымына үңілуді үндейді. Ахат ақын шындық үшін ширыққан шабытты сәтінде төгілген ойларын қалыптасқан өлшемге салуға соншалықты ұмтылмаған, бірақ өлеңдерінің көпшілігі мазмұны жағынан ұтымды шыққан.

Суреткер өлеңдерінің тақырыптық аясы өте кең, олай дейтініміз, тақырып пен идея-әдеби шығарманың мазмұны, ал әдеби шығарма мазмұнды болу үшін, Ибсен айтқандай, әдебиетшінің өмірінің өзі мазмұнды болу қажет. Ал Ахаттың сан қырлы өмір жолы өлеңдерінде айқын көрініс тапқан. Өлеңдерінде азаматтық лирика, махаббат лирикасы, философиялық толғаулар да кездеседі. Көркем шығармашылық суреткердің өмір тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан ақын өлеңдерін қарастырмас бұрын, оны өмірінің елеулі кезеңдеріне байланысты шартты түрде мынадай кезеңдерге бөлмекпін:

- 1) 1915 жылдан 1928 жылға дейін;
- 2) 1928 жылдан 1940 жылға дейін;
- 3) 1940 жылдан 1981 жылға дейінгі шығармашылығы.

Ұлылықтың қайнар бұлағы – Абай, Шәкәрім шығармашылығының қыры мен сырын, түпсіз тұңғыық жырларын терең сезініп, бойына сіңірген Ахат Құдайбердиевтің өзі де он бес жасынан өнерге бой ұрып, ән шығарған.

Талантты ақынның қай өлеңін алсақ та, онда үлкен философиялық ой, өмір шындығы жатыр. Ақын негізінен шығармаларына өзі өмір сүрген уақыт кезеңіндегі туған ел, өскен жер тағдырын, табиғат құбылысын арқау етті.

Он бес жасынан «ақын бала» атанғанымен, бірақ, өзі айтуы бойынша, *«Менен гөрі Қабыш ағамыздың ақындығы артық еді»* дейтін. Бұл ағаның алдына шыққысы келмеген сыпайыгершілігі де болар. Әйтпесе, 1919 жылы 10 шілдеде өзінің он тоғыз жасқа толған күні жайлауда жазған мына өлеңін алып қарасак:

*Сен тудың арлы атадан тәлім алар,
Алдыңда басшың отыр жолға салар.
Ар саған адалдықты ақтамасаң,
Орының жоқ басқадан кейін қалар.*

«Өзіме» деп аталатын бұл өлеңінде өз алдындағы ұлыларға еліктеу, айтқандарын өз өмірінде жүзеге асыру, осы өткізген он тоғыз жасына есеп беруі, қандай қателіктер жібергенін ой толғамына салып аңғару, жақсы мен жаманды ажырата білу, келешек өміріне зор мақсаттар қою... Бұл – Абай мектебі.

Абай мектебі қашан да сөз зергерлері үшін бағыт-бағдар берер арна ғана емес, мәдениеті жоғары шығармашылық жолмен үйренудің тамаша үлгісі болып қала берері даусыз. «Ұлы ақынның басқа ақындарға әсері оның поэзиясының сол ақындарында көрініс табуында емес, солардың өз басындағы қуатты қозғап оятуында» деп орыстың ұлы сыншысы Белинский айтқандай, Абай оятқан таланттар саны ешқашан шектелмес.

Шәкәрімдей ұлы тұлғаның да тууы – жаңағы сол қозғаушы күштің әсері.

Өйткені әдебиеттің даму заңдылығының өзі осы білу, үйрену, қорыту, дамыту сияқты үдерістерден тұрмақ.

Мағжан поэзиясында Абайдың хас суреткерлік шеберлігі өз жалғасын тапса, Шәкәрімде Абай поэзиясындағы жоғары интеллектуалды, парасатты ой-өрісі мейілінше кеңейтілді. Әрине, бұл арада Мағжандағы парасатты ой, Шәкәрімде суреткерлік жоқ деген теріс ұғым тұмау керек. Ойсыз сезімнің, сезімсіз ойдың болмайтыны – аксиома. Әйтсе де, ой мен сезім қаншама жұбы жазылмайтын құбылыс болғанымен, көркем шығармада ақын көңілінің табиғатына, құлқы мен мінезіне қарай оқушысына әртүрлі жетеді.

Абайда алғаш жүйелі жырланған адамгершілік идеясы, Шәкәрім поэзиясының, тіпті, бүкіл шығармашылығының пафосына айналып, ғылыми деңгейде тереңдетіліп толықты. Шәкәрім мұрасына көп тоқталып отырған себебіміз, Ахаттың поэзиялық мұрасы жайлы онсыз сөз қозғау мүмкін емес. Ахат-

ақын – Шәкәрімнің шәкірті. Бүкіл шығармашылығында әкесі әрі рухани ұстазы – Шәкәрім мұрасына жиі жүгініп отырады.

«Адам болып тудың зой, ойла өзің,

Абай құйды құлаққа, әкең құйды

Неге алмайсың бағалы асыл сөзді» деп жырлаған-дай Ахаттың ақын болып, ата-әке идеясын жалғастырмауы мүмкін емес, қажеттілік деп қабылдауға тиіспіз. Ахат ақыннан қалған әдеби мұра мол, соның ішінде, ең алдымен, өлеңдерін қарастырамыз.

Ақынның алғашқы кездегі, яғни, 1915-1928 жылдар аралығында туған өлеңдерін қарастырсақ, жалпы саны – 126. Жоғарыда көрсетілгендей, ақынның шығармашылық сапары 15 жасынан басталады. Жастық шақтың үлесіне тиетін алғашқы төл туындылары: «Кетпеші, балалық» (1915), «Кетті он бес» (1916), «Ер болмайсың ел қадірін ақтамай», «Қош, балалық шағым!» (1923), «Махаббатсыз тыныс жоқ» (1921), «Жол үстінде» (1921), «Туған елдің өз баласы бола алсам» (1918), «Сақта бойға арыңды», «Балалықтың кеңесі» (1917), «Дүние – тасқын» (1920), «Қатерлі түнде» (1918) «Атаның жолын кумаса» (1915), тағы да басқа өлеңдерін жатқызуға болады.

Ахат Құдайбердиев – көңіл-күйінің әр түрлі құбылыстарына орай, балалық шақ, жастық, достық, махаббат жайын жырлаған сыршыл ақын. Ақынның көңіл-күй лирикаларында кейде сырлы, кейде мұңды ой сарындары көркем түрде өрнектеліп, әр жағдайда бейнелі образ, көркем детальдармен безендіріліп

отырады. Ақынның суреткерлік тұлғасын танытар шығармаларының бірі – «Қош, балалық шағым» (1918).

Қайда, қай жерде қойдың қалып,

Қызықты балалық шағым?!

Білмеймін, айырылдым неғып,

Өткендей болдың-ау, сағым!

18 жасында жазылған бұл шығармадан ақынның өзіндік болмысын, қиялының кеңдігін байқаймыз. Формалық көркемдігі әлсіз болғанымен, тіл көркемдігі, сөз бейнелеуі жағынан ұтып тұр. Өлеңінің пафосы-сезім, жақсы көру, сағыныш сезімі. «Балалық» деген дерексіз ұғымды шебер заттандыру арқылы бірде «бесікте ұйықтап жатқан нәресте» кейіпіне енсе, бірде жүгіріп жүрген «балақай» бейнесінде көрініп, балалықтың соншалық табиғи поэзиялық суретін көз алдымызға әкеледі.

Шығармашылық жолының алғашқы кезеңдерінде жазылған шығармаларының бірқатары махаббат тақырыбына арналған. «Жас қайың», «Сенсіз бақыт жоқ», «Арманда өткен ғашықтар» атты лирикалық өлеңдерінде әсірелеу мен шығыстық нақыш басым.

Улатты ойды,

Ерітіп бойды,

Өртейсің, сәулем, өртейсің!

Боламын алаң,

Күйемін, жанам,

Мұңымды неге көрмейсің?!

Алғашқы кездегі өлеңдерінен, әсіресе, арнау түріндегі, Ахат ақынның суырыпсалмалық дәстүрмен байланысын аңғарамыз. Оның «Төлеутайға»,

«Қоқайға» сияқты өлеңдері түрі жағынан ауыз әдебиетіне аса жақын.

Бұлай болуы заңды да, өйткені халықтың ауыз әдебиетінен сусындамай өткен ақындар кемде-кем болар. Осы тырнақалды шығармаларының өзі-ақ оның ақындық қуатын танытып тұр. Әсіресе, дәстүрлі көркемдік тәсіл, дыбыс қуалаушылық негізінде жазылған «Төлеутайға» деген туындысында «С» дыбысының әр тармақ басында ғана емес, ортасында да ұшырасуы, шағын өлеңнің өзіне ерекше екпін, эстетикалық әсер беріп тұр.

*Сарапқа салмай ойыңды сақтағаннан не пайда,
Сана жеңбей бойыңды, сандалмасаң жол қайда?
Сағым қуған салынар сары уайымға, сарынға,
Сабарға сансыз табылар, сар қайғыға салынба?!*

Қысқа ғана өлеңде үлкен ғибрат бар әрі ақынның шешендік өнерге жақындығын да байқау қиын емес.

Шығармашылығы дамыған сайын, ақынның азаматтық тұлғасы да есейіп, Шәкәрімдік сарын барынша айқындала түседі. Ахат – Шәкәрімге жалаң еліктеуші емес. Еліктеу дегеннің өзі кейде ақынның еркінен тыс болып отырады, ол – идеялас, мақсаттас болу деген ұғым. Нағыз еліктеушілік, ойы, мазмұны, ұқсамаған түр қайталаушылықтан тұрады. Ал, мазмұн ұқсастығы – идеяластықты танытады. Шәкәрім мен Ахат арасындағы үрдіс – осы сипатта. Ахат – Абай, Шәкәріммен туыстық тұрғыда ғана емес, шығармашылық тұрғыда да табысушы.

Ахаттың поэзиялық пафосы – ар, адамгершілік, азаматтық идеясы. Бұл идея оның тек осы тақырыптарға арналған дербес шығармаларында емес, бүкіл

Поэзиясына тән.

«Күдер үзіп, көңіліңді суытпа,
Арам ниетті жүрегіңе жуытпа.

«Еңбек еткен бір жетеді мақсатқа»
Деген бар ғой, есте сақта, ұмытпа»,—
деп алдындағы ұлылар өсиетін уағыздап отырады.

Абай, Шәкәрімнің поэзиялық лексикасында жиі
ұшырасатын «ақ жүрек», «таза еңбек», «ынсап»,
«махаббат», «нәпсі», «жар» сияқты «адамшылық»
ұғымына қатысты бұл сөздерді Ахат поэзиясынан жиі
кездестіреміз. Ахат та – тек «арға» табынып, «арды»
қастерлеген моралист ақын. Нақты дәлелдер:

«Арға ғана бағынам дұға қылып,
Махаббатым – жүрегім тұрар жылап.
Бақытты өмір берерін тұрмын біліп,
Ар өссе, адамды ойла оңалды деп». («Арың
қымбат).

Сол сияқты «Арсызды тек арлы жеңбек» деген
өлеңінде ақын «адам» болып қалу үшін қажырлы
еңбек ету керектігін айта келе:

Ақталса адам күші өмір өнбек,
Ақырда жемісі мол жеңер еңбек.
Артылып тапсыз қоғам тәрбиесі,
Адамға жаңа сезім, сана бермек,—
деп өлеңді «А» дыбысының алитерациясына құра
отырып, әсерлі де мәнді жеткізген.

Абай мен Шәкәрімде жырланған гуманистік идея
Ахат поэзиясында да насихатталады.

Барлық адам бөтен емес, бір бауыр,
Неге десең, бір адамның баласы.

Ұлтқа бөлген – тиер маған сол ауыр,
Бір-біріне адамның жоқ аласы»,– деп жырласа,
мына бір өлеңде ой түйіні әдемі тұжырымдалады.

*Өнер-білім, қайрат-күнің,
Бойда берік сақталсын!*

*Еңбек ет тек адам үшін,
Адам атың ақталсын!*

Адамгершілік, өмір-тіршілік жайлы ой-толғаулары Шәкәрімдегідей ғылыми-философиялық деңгейде болмағанымен, Ахатта тұрмыстық, халықтық сипатта болып келеді.

*Адамды жүреді зой тұрмыс айдап,
Қояды мәңгілікке кімді байлап?..*

«Адамды жүреді зой тұрмыс айдап»

Өмір-дүние тақырыбын осылай дидактика жолымен түсіндіреді. Бірақ, құр тізбелемей, мысал келтіре сурет етіп беруге тырысады. Шәкәрімді көп толғантқан – адамның жетілуі, ақыл мен парасатқа ұмтылуы, адал болу, халық қамын ойлау сияқты тақырыптар Ахатта түгелдей дерлік өріс табады.

Көпшілігі насихат, ғибрат түрінде болып келсе де, Абай, Шәкәрім салған сыншылдық, шыншылдық сарын көрініп, дамып отырады.

Осындай дидактикамен уағыздау басымдылығына қарамастан Ахат өлеңдерінен алар ғибрат, үлгі мол.

*Жолыңда нелер қиын бар,
Алғызбас оңай керекті.*

Қажымас, сыйы бар,

Беретін елге көмекті. /«Еңбек етсең ер алар»/

Мұндай формасы мен мазмұны үйлесім тапқан келісті шумақтар ақын шығармаларында жиі

ұшырасып отырады. Кез келген ақын жайлы, оның әдеби мұрасы жөнінде сөз қозғағанда, алдымен ескеретін бір жай, оның поэзияға, ақындарға көзқарасын, эстетикалық талғамын тану. Әр қаламгердің поэзияға келудегі өзіндік мақсат-мұраты болары хақ. Ахат та – ақындық жайлы, ақындық өнер жайлы өз талғамын жариялай білген ақын.

Ойымызды қорыта келе айтарымыз: Ахат Шәкәрімұлы қазіргі кезде әдебиеттегі толық зерттеле қоймаған, терең зерттеуді қажет ететін мәселе екендігін атап өтеміз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде төмендегідей пікірлерді ұсынамыз:

1. Қосымша сабақ ретінде жергілікті ақын-жазушыларды таныту сабағы жүргізілсе, ғалымдар тарапынан жүйелі зерттелсе;

2. Ақын кітаптарын дүкен сөрелеріне сатуға шығаруды көбейтсе.

Өйткені ол туған халқының мәйекті ойы мен маржандай тілі негізінде ғажайып сұлу, мазмұны терең, кестесі көркем шығармаларын қазақтың көкірегі ояу, көзі ашық зиялы қауымына, халқымыздың ардагер азаматтарын ардақтай білген саналы жастарға арнаған. Абайтануға, Шәкәрімтануға айтарлықтай үлес қосқан Ахат Шәкәрімұлының өлеңдерін, шығармашылығын зерттеу – біздің міндетіміз.

Абай – түпсіз мұхит, Шәкәрім – телегей теңіз, Ахат – арналы өзен деген теңеу қасиетті бабаларымызға әбден лайық.

Айгүл БЕКҚҰЛИЕВА,
Алматы қаласындағы
№113 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӨРІНДЕ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Туған жерім» модулі бойынша оқушылардың білімін пысықтау және тереңдету; дамытушылық – әңгіме, мақал-мәтелдер, диалог арқылы оқушылардың тіл байлығын, ой-өрісін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттырып, елжандылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Әдісі: ойландыру, іздену, баяндау, сұрақ-жауап, әңгімелеу. **Көрнекіліктер:** мультимедия, қалалардың суреттері, үлестірме қағаздар.

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу;
2. Сабақтың мақсатын айту.

– Бүгін сабақта өтілген тақырыптар бойынша өз білімдерімізді көрсетеміз. Бұл сабақта өтілген тақырыптар бойынша тапсырмалар орындаймыз. Сабақ сайыс сабағы түрінде өтеді. Сынып 2 топқа бөлінеді.

1-топ – «Жалын», 2-топ – «Жұлдыз».

1. Ойлан, тап.

1-топ:

1. Ту қандай түсті?
2. Тудың авторы кім?
3. Туда нелер бейнеленген?
4. Ту неліктен көк түсті?

2-топ.

1. Елтаңбаның авторлары кімдер?
2. Елтаңбада нелер бейнеленген?
3. Шаңырақ нені білдіреді?
4. Елтаңба қандай түсті?

2. Мақалды толықтыр.

1. Туған жердің ... де ыстық, ... де ыстық.
2. Туған жерге ... тік.
3. Отан үшін ... түс күймейсің.
4. Ер – елінде, ... жерінде.
5. Отан ... басталады.
6. Отанды сүю басталады.
7. Отан ... да ыстық.
8. Отансыз – ормансыз

3. Менің сүйікті қалам (Суретпен жұмыс):

1. Алматы.
2. Астана.

4. Викториналық сұрақтар:

1-топ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті кім?
2. Қазақстанның астанасы қай қала?
3. ҚР-ның мемлекеттік тілі қай тіл?
4. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?
5. 16 желтоқсан қандай мереке?

6. Биыл тәуелсіздікке неше жыл болады?

7. Мемлекеттік мерекелерді атаңдар?

2-топ:

1. Қазақстанда қанша халық тұрады?

2. Қазақстанның табиғаты қандай?

3. Қазақстанның ұлттық валютасы не?

4. Қазақстан Республикасы қашан тәуелсіздік алды?

5. Қазақстанның оңтүстік астанасы қай қала?

6. Қазақстанның қалаларын атаңдар?

7. Қазақстан қандай елдермен шектеседі?

5. Сандардың орынына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді құрастырыңдар (Кім жылдам?).

1-топ:

1. Қазақстанның жері **1**.

2. Қазақстан-**2** республика.

3. Қазақстанның **3**- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Керекті сөздер:

1. а) үлкенірек;

ә) үлкендеу;

б) үлкен.

2. а) көп диаспоралы;

ә) көп ұлтты;

б) көп ұлттының.

3. а) тұңғыш президентің;

ә) тұңғыш президенті;

б) тұңғыш президентім

2-топ:

1. Қазақстанның **1** жаңа қала Астана.

2. Қазақстанда **2** астам халық бар.

3. Қазақстан **3** республика.

Керекті сөздер:

1. а) астанасы;
ә) астанам;
б) астанаң.
2. а) 16 миллион;
ә) 16 миллионнан;
б) 16 миллионға.
3. а) байлық;
ә) бай;
б) байлы.

Үйге тапсырма: «Менің Отаным» деген тақырыпқа шағын шығарма жазу.

Сабақты қорытындылау. Осымен сайыс сабағымыз аяқталды. Екі топ та сабаққа белсене қатыса отырып, білім сайысында достық жеңді.



**Алима КУБЕНОВА,
Тараз қаласындағы
№40 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Мақсаты: оқушылардың өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін күшейтіп, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына 21 жыл

болғанын атап өтіп, әдеби сөздер, мәнерлеп оқу арқылы оқушылардың тіл байлығын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Құрал-жабдықтар: компьютер, шарлар, нақыл сөздер.

1-жүргізуші:

- Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Сіздерді ҚР-ның Тәуелсіздік алғанына 21 жыл толу мерекесімен құттықтаймыз.

2-жүргізуші:

- Добрый день, уважаемые учителя и ученики. Поздравляем Вас с Праздником независимости Казахстана.

1-жүргізуші:

- Таңғажайып атың да дәл табылды,
Табылды да талай жұртқа танылды.
Туған жерім көкке жетті көк туың,
Сен – тәуелсіз мемлекетсің кәдімгі.

2-жүргізуші:

- Қанат Әбілдаевтың сөзіне жазылған «Қазақстан» әні шырқалады.

1-оқушы:

- Елімнің атын айтсам – Қазақстан,
Жерімнің атын айтсам – Қазақстан.
Қойнауы қазынаға толған мекен,
Байлығым – атын айтсам, Қазақстан!

Қазақстан – бабамнан қалған мұра,
Сенбейсің бе, даламнан бар да сұра.

Ел мен жерді дұшпанға таптатпаған –
Батырларым демесем, болар күнә!

Қазақстан – ұлт атын ұлықты еткен,
Ұлылардың арманын биіктеткен.
Өзге де ұлт, ұлысқа қоныс болып,
Оларға да жақсылық үйіп - төккен.

Қазақстан – республикам, мақтанышым,
Мен сені жырламаймын мақтан үшін.
Құдайым маған құрттай жүрек берген,
Лүпілдеп сені сүйіп, сақтау үшін!

1-жүргізуші:

- 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіз Республика деп жарияланды. Бұл күн «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріппен жазылды.

2-жүргізуші:

- 16 декабря 1991 году в нашей стране был принят Конституционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан». Этот день был объявлен праздником – Днем независимости РК.

1-оқушы:

- Смотрю на небо голубое,
Там высоко парит орел,
Восходит солнце золотое
Над птицей, будто ореол.

До боли мне знакомо это
Видение сквозь пики гор.

2-оқушы:

- Осталась лишь добавить сбоку
Национальный наш узор.
Герб и флаг наш гордый
Народу, государству дан.
Пусть же всегда хранит свободу
Наш суверенный Казахстан!

Қазақстан Республикасының
айтылады.

Әнұраны

2-оқушы:

- It beauty's nature – my motherland
It means loves ocean happiness and
Its of wealth its freedoms brand
My Kazakhstan is my native land

1-оқушы:

- Отчего сегодня в зале
Много взрослых и детей?

2-оқушы:

- Да ведь это День рождение,
Праздник Родины моей!

1-оқушы:

- Отчего глаза сияют?

2-оқушы:

- Да ведь это День рождение,
Праздник Родины моей!

Бірге:

- Здесь все народы, как одна семья.
Мой Казахстан – Республика моя!

1-жүргізуші: - «Қазақ биі».

1-оқушы: - Отан деген – атамекен.

2-оқушы: - Отан деген – туған жер.

3-оқушы: - Отан – ана.

4-оқушы:

- Отан – жерім, Отан – суым,
Отан – қуат, Отан – нәр.

5-оқушы:

- Отан – туған
Қазақстан, қасиетті атамекен!

1-жүргізуші:

- Иә, дұрыс айтады. «Отан – ортақ үйіміз, көңілді
ән-күйіміз». Ал, енді «Отан» әнін тыңдайық. Сөзі:
Ө.Байділдаев. Өлеңі: Б.Ысқақов.

1-оқушы:

- Отанды біз атамекен
Деп аялап атаймыз.
Өйткені оны мекен еткен
Бабамыз бен атамыз.

2-оқушы:

- На свете много стран больших и малых,
Но Родина – она всегда одна.

В какие забросило бы нас дали,
Для нас забываемо оно.

3-оқушы:

- Отанды

Жас, кәріміз де

Туған жер деп сүйеміз,

Өйткені онда бәріміз де

Туып, өмір сүреміз.

4-оқушы:

- Моя Родина – просторы степные,
На которых пасутся стада.

Это реки, озера, пруды голубые,

Близ которых растут города.

2-жүргізуші:

- «Үш бақытым». Әні: Ж.Еңсепов.

Өлеңі – М.Мақатаев.

Сүйемелдейтін – Махмачева И.А.

Орындайтын – Сайн Лейла.

2-жүргізуші:

- «Атамекен». Сөзі Өкім Жайлауовтікі.

Дүниеде

Не бар сүйікті

Туған жерден асатын,

Мәртебенді биік қып,

Шапағатын шашатын?!

Мархабатты мейірмен

Шаршағанда демеген.

Кеудеңнен нұр сейілген,

Көңілің өсіп көбеген.

Сезіндіріп ылайым
Сағыныштың не екенін,
Толғандырған толайым
Туған, өскен мекенің.

Жырақ кеткен қиын да
Сарғайтатын сағынтып,
Кетсең де қай қиырға,
Келесің ат сабылтып.

1-жүргізуші:

- «Қосалқа» Латиф Хамиди.

1-оқушы:

- Тәуелсіздік тұрады он бір әріптен,
Уысынан шығармайды дәніккен.
Мағынасын ұққысы жоқ байларың
Мәз болады өміріне еріккен.

Әр әрпінде мағына зор, шынында,
Кім көрінген жанға ашпас сырын да.
Әр әріптің мәнін терең сезінген
Асқақтайды білім, ғылым шыңында!

Т әріпі білдіреді теңдікті,
Ә әріпі – әліппеңіз, ән, тіпті!
У әріпі – уайымсыз уақыт,
Е әріпі – жырлайды ерлік, елдікті!
Л әріпі дейді лағып лепірме,
С әріпі – сенімділік серпінге.
І әріпі – ізгілікті істерің,
З әріпі – зиянды заң көпірме.

Д әрпі – досың мықты достыққа,
І – інің ғой қарсы көңіл бостыққа.
К – көршілер, көңіліне тимегін,
Көз алартып көгіне көп қол сұқпа!

Оқушы:

- Моя Родина – это красота природы,
Это счастье, любви большой океан.
Это символ богатства, символ свободы,
Моя Родина – мой независимый Казахстан!

1-жүргізуші:

- «Мен қазақпын». Өлеңі: Ж.Молдағалиев.
Әні: М.Ілиясов
Орындайтын – Аппаз Дамир.

1. Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөрегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Қайырмасы:

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім.

2. Мен – жігітпін, айқасқа, сынға асықпын,
Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың.
Шарықтасам қыран боп шыңға шықтым.
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

1-жүргізуші:

- Біздің Қазақстан Республикасында сан алуан
ұлт өкілдері бір-бірімен бауыр басып, достасып,
тату-тәтті өмір сүріп келеді.

2-жүргізуші:

- Численность населения Казахстана составляет более 16 миллионов человек. Казахстан – унитарное государство. Его населяют, кроме казахов, представители 120 наций и народностей. Велика численность жителей Казахстана. И все люди в нашей стране равноправны. Каждый народ имеет свой язык, свой обычай, свою культуру.

1-жүргізуші: - Орыс биі.

2-жүргізуші:

- «Туған тіл». Д.Әбілев.

Кімсің сен?

Нәсілің кім?

Ұлтың кім?

Әлде мен бір аспанның сұр бұлтымын?

Бұлт емеспін,

Мен – қазақпын,

Халықпын,

Көне күннен келе жатқан тарихпын!

Туған тілсіз тірлік құрсын, наныңдар!

Туғанда да, қонғанда да, ұшқанда

Өз тілінде қиқулайды құстар да.

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім!

Туған тілім – анам тілі – өз тілім!

Туған тілім- далам тілі – өз тілім!..

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде әнім менен сәнім бар!

Туған тілім – жүрек үнім, наныңдар,

Нанбасандар,

Жүрегімді суырып-ақ алыңдар!

1-жүргізуші:

- Ән: «Атамекен». Сөзі: Қадыр Мырзалиев.

Әні: Ескендір Хасанғалиев.

2-жүргізуші: - Еліміз аман болсын!

1- жүргізуші: - Анамыз аман болсын!

2-жүргізуші: - Деніміз сау болсын!

1-жүргізуші: - Нанымыз көп болсын!

2- жүргізуші: - Аспанымыз ашық болсын!

1- жүргізуші: - Еліміз тыныш болсын!

2-жүргізуші: - Мереке құтты болсын!

1-жүргізуші: - Поздравляем Вас с 21–летием

независимости Казахстана.

2-жүргізуші:

- Құрметті ұстаздар, оқушылар! Сіздерге арналған мерекелік кешіміз аяқталды.

1-жүргізуші:

- Казахстан, в котором мы живем, является демократическим государством. Мы живем в мире и согласии. Мы гордимся своей страной. Всего доброго, до свидания!

ІЗГІ ТІЛЕК

Табиғаттың жарқырап бұл Күн, Айы,

Адамдарды жарылқасын Құдайы!

Тіршілікте тірлігіміз жарасып,

Бірлігіміз арта берсін ұдайы!

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №6552-Ж Куәлігі берілген.

Басуға 04.12.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 420.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 268-32-48. Факс: 243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №6, 2012 ж., 144 бет, Алматы.